28. Алдонғаров Хамза – 1905 ж. т., қазақ, Солтүстік Қазақстан облысы, Қызылту ауданы, білімі бастауыш. Тұтқындалғанға дейін Ақмола облысы Казгородок ауылында тұрған. Мемлекеттік банк бөлімшесінің басқармасы болып жұмыс істеген. 1938 жылы 27 қаңтарда ІХК Қорғалжын аудандық бөлімшесі тұтқындаған. 1938 жылы 8 ақпанда Қарағанды облыстық ІХК басқармасының үштігі 58-2, 58-7, 58-9, 58-10, 58-11 баптары бойынша соттап, ең жоғары жазаға кесілген. 1957 жылы 23 наурызда Ақмола облыстық соты ақтады.

29. Алдущенко Никифор Матвеевич – 1901 ж. т., украин, Ақмола облысы, Арықбалық ауданы, Ново-Кронштадка ауылы, білімі бастауыш. Тұтқындалғанға дейін Қазақстанда, Балкашино ауылдық кеңесі төрағасының орынбасары болып жұмыс істеген. 1933 жылы 17 маусымда Арықбалық ауданы Біріккен мемлекеттік саяси басқармасы тұтқындаған. 1933 жылы 16 шілдеде Қарағанды облыстық соты 58-10 бап бойынша 3 жылға соттап, еңбекпен түзеу лагеріне жіберілген. 1998 жылы 22 шілдеде Қазақстан Республикасының Бас прокуратурасы ақтады.

30. Алещенко Родион Семенович – 1886 ж. т., орыс, Ақмола губерниясы, Ақмола уезді, Елизаветинка ауылы, білімі орта. Тұтқындалғанға дейін Ақмола облысында тұрған. 1922 жылы 21 мамырда Ақмола губерниясының мемлекеттік саяси басқармасы тұтқындаған. 1924 жылы 15 қаңтарда Ақмола губерниялық соты 58-2 бап бойынша соттап, ең жоғары жазаға кесілген. 1999 жылы 8 қыркүйекте Ақмола облысының прокуратурасы ақтады.

31. Алин Нұрғожа – 1912 ж. т., қазақ, Ақмола облысы, Қорғалжын ауданы, Бірлік колхозы, білімі бастауыш. Тұтқындалғанға дейін Ақмола облысының Бірлік колхозында жұмысшы болып істеген. 1949 жылы 15 маусымда Ақмола облысының ІХК басқармасы тұтқындаған. 1950 жылы 8 ақпанда Ақмола облыстық соты 58-10 бап бойынша 10 жылға соттап, еңбекпен түзеу лагеріне жіберілген. 1992 жылы 27 мамырда Қазақстан Республикасының Бас прокуратурасы ақтады.



32. Алинов Әбдікәрім – 1893 ж. т., қазақ, Қарағанды облысы, Ақмола ауданы, 4-ші ауыл, білімі бастауыш. Тұтқындалғанға дейін Ақмола облысының Жаңажол колхозында колхозшы болып істеген. 1939 жылы 23 желтоқсанда ПХК Ақмола аудандық бөлімшесі тұтқындаған. 1940 жылы 22 наурызда Ақмола облыстық соты 58-10, 58-11 баптары бойынша 4 жылға соттап, еңбекпен түзеу лагеріне жіберілген. 1992 жылы 18 қарашада ҚР Бас прокуратурасы ақтады. Жанұя құрамы: әйелі Алинова Күлжамила, балалары Алинов Ақбар, Алинов Кеңес, Алинова Айша, Алинова Қалабаш.

33. Алпыспаев Аншеке – 1903 ж. т., қазақ, Ақмола облысы, Сталин ауданы, 2-ші ауыл, білімі бастауыш. Тұтқындалғанға дейін Ақмола облысы, 3-ші ауылда тұрған. 1933 жылы 27 тамызда Қарағанды Біріккен мемлекеттік саяси басқармасы тұтқындаған. 1934 жылы Қазақстандағы БМСБ жанындағы үштік 58-11, 59-3 баптары бойынша 5 жылға соттап, еңбекпен түзеу лагеріне жіберілген. 1989 жылы 16 қаңтарда КСРО Жоғарғы сотының төралқасы ақтады.

34. Алпыспаев Шайхасан – 1893 ж. т., қазақ, Ақмола облысы, Сталин ауданы, 2-ші ауыл, білімі бастауыш. Тұтқындалғанға дейін Ақмола облысы, Степняк қаласында рудник жұмысшысы болып істеген. 1933 жылы 27 тамызда Қарағанды БМСБ тұтқындаған. 1934 жылы 11 ақпанда Қазақстандағы БМСБ жанындағы үштік 58-11, 59-3 баптары бойынша 1 жылға соттады. 1989 жылы 16 қаңтарда КСРО Жоғарғы сотының төралқасы ақтады.

35. Аманбаев Мақым – 1902 ж. т., қазақ, Солтүстік Қазақстан облысы, Есіл ауданы, 25-ші ауыл, білімі бастауыш. Тұтқындалғанға дейін Ақмола облысы Есіл ауданының 25-ші ауылында малшы болып істеген. 1932 жылы 28 ақпанда Біріккен мемлекеттік саяси басқарманың Есіл аудандық бөлімшесі тұтқындаған. 1932 жылы 20 маусымда Қазақстандағы БМСБ жанындағы үштік 58-8, 59-3 баптары 2 жылға соттап, концлагерьге жіберген. 1990 жылы 27 желтоқсанда Целиноград облысының прокуратурасы ақтады.

36. Аманбаев Тосан – 1886 ж. т., қазақ, Солтүстік Қазақстан облысы, Макинск ауданы, Аршалы ауылы, білімі орта. Тұтқындалғанға дейін Ақмола облысы Ортақшыл ауылында колхозшы болып істеген. 1937 жылы 3 қазанда Солтүстік Қазақстан облыстық ПХК басқармасының



Макинск аудандық бөлімшесі тұтқындаған. 1937 жылы 26 қазанда Солтүстік Қазақстан облысы бойынша ПХК басқармасының үштігі соттап, ең жоғары жазаға кесілген. 1989 жылы 15 мамырда Целиноград облысының прокуратурасы ақтады. Жанұя құрамы: әйелі Балғожина Бошан, баласы Аманбаев Әшімбек.

37. Аманбаев Төлеубек – 1890 ж. т., қазақ, Солтүстік Қазақстан облысы, Есіл ауданы, 3-ші ауыл, білімі бастауыш. Тұтқындалғанға дейін Ақмола облысы, Есіл ауданының 3-ші ауылында Құрамыс колхозында ферма меңгерушісі болып жұмыс істеді. 1937 жылы 10 сәуірде ПХК Есіл аудандық бөлімшесі тұтқындады. 1937 жылы 19 қыркүйекте Солтүстік Қазақстан облысының ПХК басқармасының үштігі 58-10 бап бойынша 10 жылға соттап, еңбекпен түзеу лагеріне жіберілді. 1989 жылы 5 маусымда Целиноград облысының прокуратурасы ақтады. Жанұя құрамы: әйелі Аманбаева Зағи, баласы Төлеубеков Ахмет.

38. Аманбаева Зекен – 1919 ж. т., қазақ, Ақмола облысы, Макинск ауданы, Аршалы ауылы, білімі бастауыш. Тұтқындалғанға дейін Ақмола облысы, Макинск ауданының Аршалы ауылында жұмысшы болған. 1943 жылы 4 қыркүйекте КСРО ПХК ерекше кеңесінің шешімімен 58-16 бап бойынша 5 жылға жер аударылған. 1989 жылы 15 маусымда Целиноград облысының прокуратурасы ақтады. Жанұясы: күйеуі Аманбаев Әшімбек.

39. Аманжолов Ғабсалям – 1917 ж. т., қазақ, Қарағанды облысы, Ақмола ауданы, Тайтөбе ауылы, білімі орта. Тұтқындалғанға дейін Қарағанды облысының Сарқаралы ауылдық кеңесінде балалар үйінің қызыл бұрышының меңгерушісі болып істеген. 1937 жылы 3 желтоқсанда ПХК Ақмола аудандық бөлімшесі тұтқындаған. 1937 жылы 31 желтоқсанда Қарағанды облысының ПХК басқармасының үштігі 58-10, 58-11 баптары бойынша 10 жылға соттап, еңбекпен түзеу лагеріне жіберілген. 1959 жылы 5 тамызда Ақмола облыстық соты ақтады.

40. Аманжолов Төкен – 1904 ж. т., қазақ, Ақмола қаласы, білімі бастауыш. Тұтқындалғанға дейін Ақмола облысының Жолымбек кенішінде тау-кен жұмыстары участогінің басшысының көмекшісі болып жұмыс істеген. 1937 жылдың 24 қыркүйегінде «халық жауы» ұсталып, партия қатарынан шығарылған. 1937 жылы 28 қарашада ПХК басқармасының үштігі 58-10, 58-11 баптары бойынша соттап, ең жоғары жазаға кесілген. 1989 жылы ақталған.



41. Аманжолов Хакім – 1895 ж. т., қазақ, Қарағанды облысы, Ақмола ауданы Тайтөбе шатқалы, 1926 жылдан Ақмола ауданының №10 ауылсоветінің төрағасы қызметін атқарған. Тұтқындалғанға дейін сол жерде тұрған. 1937 жылы 20 тамызда ПХК Ақмола аудандық бөлімшесі тұтқындаған. 1937 жылы 31 қазанда Қарағанды облыстық ПХК басқармасының үштігі 58-10 бап бойынша соттап, ең жоғары жазаға кесілген. 1958 жылы 10 қарашада ҚазКСР Жоғарғы соты ақтады. Жанұя құрамы: Аманжолова Тоты, қыздары Аманжолова Рауза, Аманжолова Алма.

42. Аманжолов Шоқыбай – 1900 ж. т., қазақ, Солтүстік Қазақстан облысы, Есіл ауданы, білімі бастауыш. Тұтқындалғанға дейін Солтүстік Қазақстан облысы, Есіл ауылында МТС меңгерушісі болып жұмыс істеген. 1938 жылы 8 ақпанда ПХК Есіл аудандық бөлімшесі тұтқындаған. 1938 жылы 15 ақпанда Солтүстік Қазақстан облысының ПХК басқармасының үштігі 58-10 бап бойынша соттап, ең жоғары жазаға кесілген. 1959 жылы 4 желтоқсанда Ақмола облыстық соты ақтады.

43. Аманов Гадолла – 1891 ж. т., қазақ, Қарағанды облысы, Ақмола ауданы, Тайтөбе ауылы, білімі бастауыш. Тұтқындалғанға дейін Қарағанды облысында Тайтөбе колхозында колхозшы болып жұмыс істеген. 1937 жылы 24 желтоқсанда ПХК Ақмола аудандық бөлімшесі тұтқындаған. 1937 жылы 31 желтоқсанда Қарағанды ПХК басқармасының үштігі 58-10, 58-11 баптары бойынша 10 жылға соттап, еңбекпен түзеу лагеріне жіберілді. 1959 жылы 5 тамызда Ақмола облыстық соты ақтады.

44. Аппасов Хамит – 1912 ж. т., қазақ, Ақмола облысы, Қорғалжын ауданы, 1-ші ауыл, білімі бастауыш. Тұтқынға алынғанға дейін Ақмола облысы, Қорғалжын ауданының 1-ші ауылдық кеңесінің төрағасы болып жұмыс істеген. 1937 жылы 9 желтоқсанда ПХК Қорғалжын аудандық бөлімшесі тұтқындаған. 1999 жылы 8 тамызда Ақмола облысының прокуратурасы ақтады. Жанұя құрамы: Аппасова Башат, қызы Аппасова Қазима, інісі Аппасов Қылыш.

45. Арғымақов Досмұқан – 1884 ж. т., қазақ, Ақмола облысы, Есіл ауданы Чурысай ауылдық кеңесі, рухани білімді. Тұтқындалғанға дейін Ақмола облысы, Есіл ауданының «Балталы» колхозында колхозшы болып жұмыс істеген. 1940 жылы 19 қыркүйекте ПХК Есіл аудандық бөлімшесі тұтқындаған. 58-10 бап бойынша 6 жылға сотталып, еңбекпен түзеу



лагеріне жіберілген. 1999 жылы 28 желтоқсанда Қостанай облысының прокуратурасы ақтады. Жанұя құрамы: Арғымақова Әлима, балалары Досмуканов Исламия, Досмуканов Әбіл, Досмуканов Қарамұсылман.

46. Артемьев Андрей Иванович – 1902 ж. т., орыс, Солтүстік Қазақстан облысы, Щучинск ауданы, Щучинск станицасы, білім бастауыш. Тұтқынға алынғанға дейін Қазақстанда, Щучинск станицасында тас карьерінің шаруашылық меңгерушісі болып жұмыс істеді. 1937 жылы 17 сәуірде ПХК Щучинск аудандық бөлімшесі тұтқындаған. 1937 жылы 11 қарашада Солтүстік Қазақстан облыстық ПХК басқармасының үштігі 58-10, 58-11 баптары бойынша соттап, ең жоғары жазаға кесілген. 1959 жылы 15 сәуірде Түркістан әскери округінің Әскери трибуналы ақтады. Жанұя құрамы: Артемьева Лидия, балалары Артемьев Александр, Артемьев Афанасий, Артемьева Наталья, Артемьева Тамара.

47. Артықбаев Омар – 1908 ж. т., қазақ, Қарағанды облысы, Ворошилов ауданы, білімі бастауыш. Тұтқындалғанға дейін Ақмола облысының Жолымбет кенішінде жұмысшы болып істеген. 1947 жылы 23 ақпанда ҚазКСР МҚМБ тұтқындаған. 1947 жылы 30 қыркүйекте ҚазКСР Жоғарғы соты 58-10, 58-11 баптары бойынша 10 жылға соттап, еңбекпен түзеу лагеріне жіберілген. 1989 жылы 20 қыркүйекте ҚазКСР Жоғарғы сотының пленумы ақтады.

48. Арықов Бесенбай Айтжанович – 1900 ж. т., қазақ, Қарағанды облысы, Қарағанды қаласы оқымаған. Тұтқынға алынғанға дейін Ақмола облысы, Ақмола қаласында Ломовик артелінің инструкторы болып жұмыс істеген. 1938 жылы 15 қаңтарда ПХК тұтқындаған. 1938 жылы 14 ақпанда 58-10 бап бойынша 10 жылға сотталып, еңбекпен түзеу лагеріне жіберілген. 1964 жылы 22 шілдеде Целинный өлкелік соты ақтады.

49. Арыстанбеков Дүйсен – 1898 ж. т., қазақ, Қарағанды облысы, Қорғалжын ауданы, 20-шы ауыл, білімі бастауыш. Тұтқындалғанға дейін Макинск қаласында шаруа болып істеген. 1938 жылы 30 сәуірде ПХК аудандық бөлімшесі тұтқындаған. 1951 жылы 26 желтоқсанда Ақмола облыстық соты 58-10 бап бойынша 10 жылға соттап, еңбекпен түзеу лагеріне жіберілді. 1998 жылы 18 маусымда ҚР бас прокуратурасы ақтады.



50. Асқаров Махмет – 1895 ж. т., қазақ, Солтүстік Қазақстан облысы, Сталин ауданы, 1-ші ауыл. Тұтқындалғанға дейін Ақмола облысы, Сталин ауданында старательдер артелінің төрағасы болып жұмыс істеген. 1937 жылы 3 қыркүйекте ПХК аудандық бөлімшесі тұтқындаған. 1937 жылы 2 желтоқсанда ПХК басқармасының үштігі соттап, ең жоғары жазаға кесілген. 1989 жылы 5 маусымда Целиноград облысының прокуратурасы ақтады. Жанұя құрамы: әйелі Асқарова Қапиза, қызы Асқарова Шөбек.

51. Асқаров Махмұд – 1895 ж. т., қазақ, Қарағанды облысы, Сталин ауданы, 1-ші ауыл, білімі бастауыш. Тұтқынға алынғанға дейін Жанақ жеген жерде тұрған. 1933 жылы 10 қазанда Қарағанды облыстық Біріккен мемлекеттік саяси басқармасы тұтқындаған. 1934 жылы 23 наурызда Қазақстандағы БМСБ жанындағы үштік 58-10 бап бойынша 5 жылға соттап, еңбекпен түзеу лагеріне жіберілген. 1990 жылы 24 қазанда Целиноград облысының прокуратурасы ақтады.

52. Асмус Адольф Адамович – 1913 ж. т., неміс, Ақмола облысы, Сталин ауданы Свердлов атындағы колхоз, білімі бастауыш. Тұтқындалғанға дейін Ақмола облысыны Свердлов атындағы колхозында тракторшы болып жұмыс істеген. 1941 жылы 26 желтоқсанда Сталин аудандық прокуратурасы тұтқындаған. 1942 жылы 31 қаңтарда Ақмола облыстық соты 58-10 бап бойынша 10 жылға соттап, еңбекпен түзеу лагеріне жіберілген. 1989 жылы 3 қарашада Целиноград облыстық прокуратурасы ақтады.

53. Асылбеков Жетпісбай – 1882 ж. т., қазақ, Қарағанды облысы, Нұра ауданы, 1-ші ауыл, оқымаған. Тұтқындалғанға дейін Ақмола облысы, Ақмола қаласында Қарағанды темір жолының кеңсесінде күзетші болып істеген. Ақмола қаласының ПХК басқармасы тұтқындаған. 1999 жылы 21 қаңтарда Ақмола облысының прокуратурасы ақтады. Жанұя құрамы: әйелі Асылбекова Базар 1903 ж. т., баласы Жетпісбаев Ермек 1932 ж. т.

54. Асылбеков Мүсәпір – 1873 ж. т., қазақ, Қарағанды облысы, Нұра ауданы, білімі бастауыш. Тұтқындалғанға дейін Ақмола облысының Ақмола қаласында тұрған. 1938 жылы 27 қаңтарда ПХК аудандық бөлімшесі тұтқындаған. 1938 жылы 14 ақпанда ПХК үштігі 58-10, 58-11 баптары бойынша 10 жылға соттап, еңбекпен түзеу лагеріне жіберілген.

1988 жылы 3 қарашада Целиноград облыстық соты ақтады. Жанұя құрамы: Асылбекова Мена, балалары Асылбеков Халел, Асылбеков Кәкім, Асылбекова Бапан.

55. Атабаев Рақымбек – 1914 ж. т., қазақ, Солтүстік Қазақстан облысы, Есіл ауданы, 8-ші ауыл, білімі бастауыш. Тұтқындалғанға дейін Ақмола облысының Үлгілі ауылында есепші болып жұмыс істеген. 1939 жылы 19 қаңтарда Солтүстік Қазақстан облысының ПХК басқармасы тұтқындаған. 1939 жылы 9 мамырда Солтүстік Қазақстан облыстық соты 58-10 бап бойынша 2 жылға соттап, еңбекпен түзеу лагеріне жіберілген.

56. Аубакиров Мажит – 1906 ж. т., қазақ, Ақмола облысы, Ново-Черкасск (қазіргі Астрахан ауданы) ауданы, Петровский ауыл-советі, 1932 жылдан БКП(б) мүшелігіне кандидат. Ново-Черкасск ауданының Есіл аулсоветінің төрағасы қызметін атқарған. 1937 жылы 11 тамызда «жат элементтермен және халық жауларымен байланысты болғаны үшін» халық жауы ретінде сотталған. 1989 жылы 29 маусымда Қаз КСР Жоғары соты ақтады.

57. Ауғанбаев Жақсыбек – 1877 ж. т., қазақ, Қарағанды облысы, Қорғалжын ауданы, «Труженик» колхозы, білімі бастауыш. Тұтқындалғанға дейін Ақмола облысының «Труженик» колхозында жұмыс істеген. 1937 жылы 31 желтоқсанда ПХК Қорғалжын аудандық бөлімшесі тұтқындаған. 1938 жылы 7 ақпанда Қарағанды облысының ПХК басқармасының үштігі 58-7, 58-9, 58-11 баптары бойынша 10 жылға соттап, концлагерьге жіберген. 1957 жылы 23 қарашада Ақмола облыстық соты ақтады.

58. Ауғанбаев Қабдолла – 1915 ж. т., қазақ, Ақмола облысы, Новочеркасск ауданы, 17-ауыл, білімі бастауыш. Ақмола облысы, Атбасар ауданының Атбасар станицасында Қарағанды темір жолы бастығының орынбасары болып жұмыс істеген. 1955 жылы 10 желтоқсанда Қарағанды темір жолы МҚК тергеу бөлімі тұтқындаған. 1955 жылы 15 желтоқсанда Ақмола линиялық көлік соты 58-10 бап бойынша соттаған. 1995 жылы 14 желтоқсанда Ақмола облыстық сотының төралқасы ақтады.



59. Ахашев Нұрғали – 1919 ж. т., қазақ, Қарағанды облысы, Жаңаарық ауданы, Қарашоқы ауылы, білімі бастауыш. Тұтқындалғанға дейін Қарағанды облысы Қарашоқы ауылында тұрған. 5-ші гвардиялық атқыштар дивизиясының 12-ші гвардиялық атқыштар полкінің 6-шы атқыштар ротасының қызыләскері. 1944 жылы 18 қарашада «Смерш» ОКР тұтқындаған. 1944 жылы 7 желтоқсанда 11-ші гвардиялық армияның әскери трибуналы 58-10 бап бойынша 7 жылға соттап, еңбекпен түзеу лагеріне жіберілген. 1999 жылы 3 қарашада ҚР Бас әскери прокуратурасы ақтады. Жанұя құрамы: әйелі Ахашева Рахима.

60. Ахмедипов Ақпар – 1902 ж. т., қазақ, Ақмола облысы, Ақмола ауданы, 2-ші бесжылдық колхозы, оқымаған. Тұтқындалғанға дейін Ақмола облысының 2-ші бесжылдық колхозында егістік бригадасында жұмыс істеген. 1941 жылы 31 желтоқсанда ПХК Ақмола аудандық бөлімшесі тұтқындаған. 1942 жылы 25 наурызда Ақмола облыстық соты 58-7 бап бойынша 15 жылға соттап, еңбекпен түзеу лагеріне жіберілді. 1965 жылы 30 желтоқсанда ҚазКСР Жоғарғы сотының төралқасы ақтады.

61. Ахметбеков Тәліп – 1909 ж. т., қазақ, Қарағанды облысы, Ақмола ауданы, Сарқаралы ауылдық кеңесі, оқымаған. Тұтқындалғанға дейін Ақмола облысының «Бірлік» колхозында тұрған. 1937 жылы 28 желтоқсанда ПХК Ақмола аудандық бөлімшесі тұтқындаған. 1937 жылы 31 желтоқсанда Қарағанды облыстық ПХК басқармасының үштігі 58-7, 58-10, 58-11 баптары бойынша 10 жылға соттап, еңбекпен түзеу лагеріне жіберілді. 1961 жылы 14 қаңтарда Ақмола облыстық сотының төралқасы ақтады.

62. Ахметжанов Хакім – 1898 ж. т., қазақ, Қарағанды облысы, Ақмола ауданы, Сарқаралы ауылдық кеңесі, білімі бастауыш. Ақмола облысының Социалистік Қазақстан колхозында тұрған, мұғалім болып жұмыс істеген. 1937 жылы 3 қарашада ПХК Ақмола аудандық бөлімшесі тұтқындаған. 1937 жылы 19 қарашада Қарағанды облыстық ПХК басқармасының үштігі 58-7, 58-10, 58-11 баптары бойынша 10 жылға соттап, концлагерьге жіберілді. 1964 жылы 25 қаңтарда ҚазКСР Жоғарғы соты ақтады. Жанұя құрамы: әйелі Ахметжанова Әби, балалары Ахметжанова Орынтай, Ахметжанова Рауза, Ахметжанов Төлеубек, әкесі Тұрабаев Ахметжан, анасы Тұрабаева Алтын.



63. Ахметов Әбдірахман – 1882 ж. т., қазақ, Ақмола облысы, Ақмола ауданы, білімі бастауыш. Тұтқындалғанға дейін Ақмола облысының Шнет колхозында тұрған. 1946 жылы 23 қарашада МҚМ Ақмола аудандық бөлімшесі тұтқындаған. 1947 жылы 22 мамырда Ақмола облыстық соты 58-10 бап бойынша 7 жылға соттап, еңбекпен түзеу лагеріне жіберілді. 1988 жылы 21 қазанда ҚазКСР Жоғарғы сотының төралқасы ақтады.

64. Ахметов Әбкен – 1876 ж. т., қазақ, Қарағанды облысы, 6-шы ауыл. Тұтқындалғанға дейін Ақмола облысында тұрған, молда. 1937 жылы 20 шілдеде ПХК аудандық бөлімшесі тұтқындаған. 1937 жылы 11 қазанда ПХК басқармасының үштігі соттап, ең жоғары жазаға кесілген. 1989 жылы 2 шілдеде Целиноград облысының прокуратурасы ақтады. Жанұя құрамы: әйелі Ахметов Айтпала, балалары Ахметова Қоят, Ахметова Баян, Ахметов Абылай.

65. Ахметов Аблахим – 1881 ж. т., қазақ, Қарағанды облысы, Ақмола ауданы, талапкер колхозы, оқымаған. Тұтқындалғанға дейін Ақмола облысының талапкер колхозында тұрған. 1938 жылы 14 тамызда ПХК Ақмола аудандық бөлімшесі тұтқындаған. 1938 жылы 15 ақпанда Қарағанды облыстық соты 58-10 бап бойынша 6 жылға соттап, еңбекпен түзеу лагеріне жіберілді. 1999 жылы 16 қарашада Ақмола облыстық прокуратурасы ақтады.

66. Ахметов Зейнолла – 1905 ж. т., қазақ, Калинин ауданы, Ақсай ауылы, білімі бастауыш. Тұтқындалғанға дейін Ақмола облысының Петровка ауылында тұрған. 1937 жылы 3 қарашада Солтүстік Қазақстан бойынша ПХК басқармасы тұтқындаған. 1937 жылы 28 қарашада Қарағанды облыстық ПХК басқармасының үштігі соттап, ең жоғары жазаға кесілді. 1957 жылы 7 қыркүйекте Ақмола облыстық сотының төралқасы ақтады.

67. Ахметов Ысқақ – 1881 ж. т., қазақ, Қарағанды облысы, Жаңаарқа ауданы, 2-ші ауыл, білімі бастауыш. Тұтқындалғанға дейін Ақиола облысы, Политотдел атындағы колхозда күзетші болып жұмыс істеген. 1936 жылы 2 қарашада ПХК аудандық бөлімшесі тұтқындаған. 1937 жылы 21 шілдеде ҚазКСР әскери трибуналы 58-10 бап бойынша 5 жылға соттап, еңбекпен түзеу лагеріне жіберілген. 1968 жылы 28 ақпанда КСРО Жоғары сотының әскери коллегиясы ақтады.



68. Ахметов Қамит – 1905 ж. т., қазақ, Ақмола облысы, Ақмола ауданы, Барлықөл колхозы, білім бастауыш. Тұтқындалғанға дейін Ақмола облысы, Барлықөл колхозында егістік бригадасының бригадирі болып жұмыс істеген. 1940 жылы 16 маусымда Ақмола облысының ПХК басқармасы тұтқындаған. 1940 жылы 31 шілдеде Ақмола облысының ПХК 58-10, 58-11 баптары бойынша 5 жылға соттаған. 1998 жылы 23 маусымда ҚР Бас прокуратурасы ақтады. Жанұя құрамы: әйелі Ахметова Зияда, балалары Ахметов Зейнолла, Ахметов Майкен.

69. Ахметов Кенжеболат – 1911 ж. т., қазақ, Октябрь ауданы, 3-ші ауыл, тұтқындалғанға дейін Ақмола облысы, Атбасар ауданында тұрған. 1931 жылы 15 маусымда БМСБ Атбасар аудандық бөлімшесі тұтқындаған. 1932 жылы 11 ақпанда Қазақстандағы БМСБ жанындағы үштік 58-9, 58-10, 58-11 баптары бойынша сотталған. 1989 жылы 16 қаңтарда КСРО Жоғары сотының төралқасы ақтады.

70. Ахметов Сағи – 1891 ж. т., қазақ, Қарағанды облысы, Ақмола ауданы, Исаев ауылдық кеңесі, оқымаған. Тұтқындалғанға дейін Қарағанды облысы, Интернационал колхозында бригадир болып жұмыс істеген. 1937 жылы 27 шілдеде ПХК тұтқындаған. 1937 жылы 20 тамызда Қарағанды облысының ПХК басқармасының үштігі 58-7, 58-10 баптары бойынша соттап, ең жоғары жазаға кесілген. 1956 жылы 23 маусымда облыстық сот ақтады. Жанұя құрамы: әйелі Ахметова Зейнел.

71. Ахметов Сәдуақас – 1908 ж. т., қазақ, Қарағанды облысы, Қарсақпай ауданы, 5-ші ауыл, білімі орта. Тұтқындалғанға дейін Солтүстік Қазақстан облысы, Калинин ауданы, «Қазгоскуль» колхозында колхозшы болып істеген. 1938 жылы 2 қыркүйекте Солтүстік Қазақстан ПХК басқармасы тұтқындаған. 1939 жылы 31 мамырда 58-7, 58-10, 58-11 Солтүстік Қазақстан облыстық соты 8 жылға соттап, еңбекпен түзеу лагеріне жіберілген. 1998 жылы 1 шілдеде Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасы ақтады.

72. Ахметов Сұлтан – 1914 ж. т., қазақ, Қарағанды облысы, жарлықөл ауданы, Құмсуат, білімі орта, Тұтқындалғанға дейін Ақмола облысы, Құмсуат ауылында есепші болып жұмыс істеген. 1937 жылы 8 қазанда ПХК басқармасының аудандық бөлімшесі тұтқындаған. 1937 жылы 31 қазанда ПХК басқармасының үштігі 58-10 бап бойынша 10



жылға соттап, еңбекпен түзеу лагеріне жіберілген. 1989 жылы 23 мамырда Целиноград облысының прокуратурасы ақтады.

73. Ахметов Тонқабай – 1893 ж. т., қазақ, Солтүстік Қазақстан облысы, Сталин ауданы, 1-ші ауыл, білімі бастауыш. Тұтқындалғанға дейін колхозда жұмыс істеген. 1937 жылы 2 қыркүйекте ПХК Сталин аудандық бөлімшесі тұтқындаған. 1937 жылы Солтүстік Қазақстан облысының ПХК басқармасының үштігі соттап, ең жоғары жазаға кесілген. 1959 жылы 4 желтоқсанда Ақмола облыстық сотының төралқасы ақтады.

74. Аюкин Мұса – 1859 ж. т., қазақ, Ақмола облысы, тұтқындалғанға дейін Ақмола облысы, 16-шы ауылда тұрған, жеке меншік малшы болған. 1929 жылы Ақмола облысы бойынша Біріккен мемлекеттік саяси басқарма тұтқындаған. 1930 жылы 4 шілдеде Қазақстандағы БМСБ жанындағы үштік 58-11 бап бойынша 3 жылға соттап, жер аударылған. 1991 жылы 12 қыркүйекте Целиноград облысының прокуроры ақтады.

75. Аяжанов Бозкен – 1900 ж. т., қазақ, Ақмола облысы, Сталин ауданы, 8-ші ауыл, білім бастауыш. Тұтқындалғанға дейін Ақмола облысы, Қосқарағай колхозында жұмыс істеген. 1937 жылы 28 тамызда ПХК Сталин аудандық бөлімшесі тұтқындаған. 1937 жылы 19 қыркүйекте Солтүстік қазақстан ПХК басқармасының үштігі 58-10, 58-11 баптары бойынша 10 жылға соттап, еңбекпен түзеу лагеріне жіберілген. 1999 жылы 16 қарашада Ақмола облысының прокуратурасы ақтады.

76. Аязбаев Жартыбай – 1872 ж. т., қазақ, Қарағанды облысы, Қорғалжын ауданы, Сулықөл ауылы, оқымаған. Тұтқындалғанға дейін Ақмола облысы, Қайырлы колхозында есепші болып жұмыс істеген. 1937 жылы 20 желтоқсанда ПХК Қорғалжын аудандық бөлімшесі тұтқындаған. 1937 жылы 31 желтоқсанда Қарағанды облысының ПХК басқармасының үштігі 58-2, 58-8, 58-10, 58-11 баптары бойынша соттап, ең жоғары жазаға кесілген. 1959 жылы 16 шілдеде Ақмола облыстық соты ақтады.

77. Әбділдинов Кенжеғара – 1921 ж. т., қазақ, Ақмола облысы, Ақмола ауданы, Қанабірлік ауылы, білімі бастауыш, тұтқындалғанға дейін Ақмола облысы, Ақмола станциясында тұрған, Красный пиццевик артелінде наубайшы болып жұмыс істеген. 1941 жылы 6-тамызда МҚХК



басқармасы тұтқындаған. 1941 жылы 17 қазанда Ақмола облыстық соты 58-14 бап бойынша 7 жылға соттап, еңбекпен түзету лагеріне жіберілген. 1993 жылы 19-ақпанда Қазақстан Республикасының прокуратурасы ақтады. Жанұя құрамы: ағасы Әбділдинов Қалтай 1916 ж. т., ағасы Әбділдинов Әубәкір 1918 ж. т.

78. Әбдіров Айткен – 1906 ж. т., қазақ, Ақмола облысы, Сталин ауданы, Еңбек ауылдық кеңесі, білімі бастауыш, тұтқындалғанға дейін Ақмола облысы Киров атындағы колхозда тұрған, колхозшы болған. 1940 жылы 9-тамызда ПХК Сталин аудандық бөлімшесі тұтқындаған. 1941 жылы 14-қаңтарда Ақмола облыстық соты 58-10, 58-11, 58-7 баптары бойынша 20 жылға соттап, еңбекпен түзету лагеріне жіберілген. 1990 жылы 2-ақпанда Қазақ КСР Жоғарғы Сотының төралқасы ақтады.

79. Әбдірахманов Ыдрыс – 1909 ж. т., қазақ, Солтүстік Қазақстан облысы, Атбасар ауданы, 16-ауыл, орта білімді, тұтқынға алынғанға дейін Ақмола облысы Киган Марский ауылында тұрған, аудандық білім бөлімінің инспекторы болып жұмыс істеген. 1938 жылы 1-сәуірде Солтүстік Қазақстан облысы ПХКБ Калинин аудандық бөлімшесі тұтқындаған. 1938 жылы 28-қазанда Солтүстік Қазақстан облысы ПХКБ үштігі 58-2, 58-7, 58-11, 58-1а баптары бойынша соттап, ең жоғары жазаға кесілген. 1989 жылы 5-маусымда Целиноград облысының прокуратурасы ақтады. Жанұя құрамы: әйелі Жолаушина Жаңыл 1902 ж. т., баласы Жолаушин Қамит 1925 ж. т.

80. Әбдірахманов Қазкен – 1907 ж. т., қазақ, Солтүстік Қазақстан облысы, Есіл ауданы, 26-ауыл, бастауыш білімді, тұтқынға алынғанға дейін Ақмола облысы Есіл ауданы, 26-ауылда тұрған, балық аулайтын артельде балықшы болып жұмыс істеген. 1932 жылы 28-ақпанда БМСБ Есіл аудандық бөлімшесі тұтқындаған. 1932 жылы 30-маусымда Қазақстандағы БМСБ жанындағы үштік 58-8, 59-3 баптары бойынша 10 жылға соттап, концлагерьге айдалған. 1990 жылы 26-желтоқсанда Целиноград облысының прокуратурасы ақтады.

81. Әбдірахманов Мулкен – 1901 ж. т., қазақ, Солтүстік Қазақстан облысы, Атбасар ауданы, 22-ауыл, бастауыш білімді, тұтқынға алынғанға дейін Ақмола облысы, Ладыжин ауылдық кеңесінде тұрған, Союзпушнина жинаушысы болып жұмыс істеген.

1938 жылы 6-ақпанда ІХК Атбасар аудандық бөлімшесі тұтқындаған. 1938 жылы 15-ақпанда Солтүстік Қазақстан облысы ІХКБ үштігі 58-2, 58-7, 58-10, 58-11 баптары бойынша соттап, ең жоғары жазаға кесілген. Ақмола облыстық сотының Президиумы ақтады. Жанұя құрамы: әйелі Әбдірахманова Шабал, қызы Әбдірахманова Тұрсын 1937 ж. т., інісі Әбдірахманов Нұрқамит 1923 ж. т.

82. Әбдірахманов Мұхамедьяр – 1922 ж. т., қазақ, Ақмола облысы, Сталин ауданы, Рудник кенті, орта білімді. Тұтқынға алынғанға дейін Ақмола облысының Сталинский кенішінде тұрған, 4-ші украин майданы бойынша ІХК 79-шекаралық полкінің қызыл әскері. 1944 жылы 3-сәуірде «Смерш» ІХК ОКР 58-10 бап бойынша 10 жылға соттап, еңбекпен түзету лагеріне жіберілген. 1998 жылы 21-тамызда Қазақстан Республикасының Бас әскери прокуратурасы ақтады. Жанұя құрамы: әкесі Бекишев Әбдірахман 1892 ж. т., анасы Бекишева Бәден.

83. Әбдірахманов Мұхаметжан – 1904 ж. т., қазақ, Солтүстік Қазақстан облысы, Төңкеріс ауданы, 8-ауыл, бастауыш білімді, тұтқынға алынғанға дейін Ақмола облысының Жолымбет кенішінде тұрған, маркшейдер болып жұмыс істеген. 1937 жылы 20-қазанда ІХК Сталин аудандық бөлімшесі тұтқындаған. 1937 жылы 28-қарашада ІХКБ үштігі 58-10, 58-11 баптары бойынша 10 жылға соттап, еңбекпен түзету лагеріне жіберілген, 1956 жылы 31-мамырда Түркістан округінің Әскери трибуналы ақтады. Жанұя мүшелері: әйелі Сулюнтенева Күлаш 1914 ж. т., қызы Әбдірахманова Роза 1931 ж. т., қарындастары Әбдірахманова Нафиса 1920 ж. т., Әбдірахманова Шарипа 1923 ж. т.

84. Әбдірахманов Сәдуақас – 1905 ж. т., қазақ, Солтүстік Қазақстан облысы, Молотов ауданы, Ленин ауылдық кеңесінің Жеке-Баяқ ауылы, орта білімді, 1937 жылы 10-тамызда Солтүстік Қазақстан облысы бойынша ІХКБ-ның Молотов аудандық бөлімшесі тұтқындаған. 1937 жылы 5-қыркүйекте Солтүстік Қазақстан облысы ІХКБ үштігі 58-10 бап бойынша соттап, ең жоғары жазаға кесілген.

85. Әбдірахиев Ақшай – 1906 ж. т., қазақ, Солтүстік Қазақстан облысы, Сталин ауданы, 1-ауыл, орта білімді, тұтқынға алынғанға дейін Кеңес колхозында тұрған, сельпо дүкеншісі болып жұмыс істеген. 1937 жылы 13-тамызда ІХК Сталин аудандық бөлімі тұтқындаған. 1937 жылы



14-қарашада Солтүстік Қазақстан облыстық ПХКБ үштігінің сотымен ең жоғары жазаға кесілген. 1959 жылы 4-желтоқсанда Ақмола облыстық соты төралқасы ақтады.

86. Әбдіқапаров Масалем – 1911 ж. т., қазақ, Ақмола ауданы, 15-ауыл, оқымаған, тұтқынға алынғанға дейін Ақмола облысының Петровка ауылында тұрған, 1937 жылы 3-қарашада Солтүстік Қазақстан облысы бойынша ПХК басқармасы тұтқындаған, 1937 жылы 28-қарашада ең жоғары жазаға кесілген, 1957 жылы 7-қыркүйекте Ақмола облыстық сотының төралқасы ақтады.

87. Әбелдинов Кәрім – 1897 ж. т., қазақ, Павлодар облысы, Баянауыл ауданы, 19-шы ауыл, білімі бастауыш, тұтқынға алынғанға дейін Ақмола облысы Бозстан ауылында тұрған. 287-ші атқыштар дивизиясына алынған. 1942 жылы 31-желтоқсанда ПХК ерекше бөлімі тұтқындаған. 1943 жылы 21-ақпанда Брянск майданының Әскери трибуналы 58-14, 59-1 баптар бойынша соттап, 10 жылға еңбекпен түзеу лагеріне жіберілген. 1966 жылы 16-желтоқсанда КСРО Жоғарғы Сотының Әскери коллегиясы ақтады. Жанұя құрамы: әйелі Әбелдинова Айжамал, 1931 ж. т., қызы Кәрімова Мағрипа 1933 ж. т., ұлы Кәрімов Қадыр 1937 ж. т., қарындасы Әбдірашева Жамал 1900 ж. т.

88. Әбелдинов Кәрім – 1915 ж. т., қазақ, Ақмола облысы, Қорғалжын ауданы, Қызылсай ауылдық кеңесі. Тұтқынға алынғанға дейін Ақмола облысы Молотов атындағы колхозда тұрған, қара жұмысшы. 1999 жылы 11-қарашада Ақмола облысының прокуратурасы ақтады.

89. Әбелдинов Шерияздан – 1914 ж. т., қазақ, Ново-Черкасск ауданы, Есіл ауылдық кеңесі, білімі бастауыш. Тұтқынға алынғанға дейін Ақмола облысы Астраханка ауылында тұрған. ПХК аудандық бөлімінде паспортшы болып істеген. 1938 жылы 24-қаңтарда Ново-Черкасск аудандық ПХК тұтқындаған. 1938 жылы 14-ақпанда Қарағанды облысы ПХК үштігінің сотымен ең жоғары жазаға кесілген. 1989 жылы 9-наурызда Целиноград облысының прокуратурасы ақтады.

90. Әбелмажанов Кәкіш – 1907 ж. т., қазақ, Қарағанды облысы, Ақмола ауданы Борташ ауылы, сауатсыз. 1937 жылы 17-қарашада Қарағанды облысы ПХК Ақмола аудандық бөлімшесі тұтқындаған. 1937 жылы 22-қарашада Қарағанды облысы ПХКБ үштігі 58-10, 58-11 баптар



бойынша соттап, 10 жылға концлагерьге жіберілген. 1958 жылы 4-желтоқсанда Ақмола облыстық соты ақтады.

91. Әбеуов Тастамбек – 1916 ж. т., қазақ, Ақмола облысы, Ақмола ауданы, Қарлықөл ауылдық кеңесі, орта білімді. Тұтқынға алынғанға дейін Ақмола облысы Жалғызқұдық колхозында тұрған, есепші болып істеген. 1938 жылы 27-қазанда ПХК аудандық бөлімшесі тұтқындаған. 1939 жылы 9-желтоқсанда Ақмола облыстық соты 58-10 бап бойынша 3 жылға еңбекпен түзеу лагеріне жіберілген. 1940 жылы 21-қаңтарда ҚазКСР Жоғарғы Сотының коллегиясы ақтады. Жанұя құрамы: анасы Әбеуова Лазин, әйелі Әбеуова Майра, қарындастары Әбеуова Мәкен, Әбеуов Бағдас, інісі Әбеуов Егінбай.

92. Әділев Нұрғали – 1911 ж. т., қазақ, Солтүстік Қазақстан облысы, Есіл ауданы, Қарағай ауылы, білімі бастауыш. Тұтқынға алынғанға дейін Солтүстік Қазақстан облысы Атбасар қаласында тұрған. 1938 жылы 27-қаңтарда ПХК Атбасар аудандық бөлімшесі тұтқындаған. 1938 жылы 5-ақпанда СҚО ПХКБ үштігі 58-10 бап бойынша соттап, ең жоғары жазаға кесілген. 1989 жылы 5-маусымда Целиноград облысы бойынша ақталды. Жанұя құрамы: Әділева Күлпаш, қызы Әділева Мәриям, ұлы Әділев Еркін.

93. Әділов Әлжан – 1887 ж. т., қазақ, Ақмола облысы, Сталин ауданы, Жамбыл атындағы колхозы, оқымаған. Тұтқынға алынғанға дейін Ақмола облысы Жамбыл атындағы колхозда жұмысшы болып істеген. 1945 жылы 26-қыркүйекте Ақмола облысының ПХКБ тұтқындаған. 1945 жылы 5-желтоқсанда Ақмола облыстық соты 58-10 бап бойынша 5 жылға соттап, еңбекпен түзеу лагеріне жіберілген. 1989 жылы 6-қазанда ҚазКСР Жоғарғы соты ақтады. Жанұя құрамы: әйелі Әділова Зухра, балалары Әлжанов Бастен 1929 ж. т., Әлжанов Сатыбай, Әлжанов Хандар, Әлжанов Кенже, Әділова Кәмила.

94. Әділов Байсейіт – 1887 жылы Ақмола облысы, Ақмола уезі Сарысу ауданында дүниеге келген. Ақмолада бастауыш мектепті, Омбыдағы мұғалімдер семинариясын бітірген. Омбыда, Ақмола уездерінде оқу-ағарту саласында қызмет жасаған. «Жас қазақ» ұйымын құрушылардың бірі. 1917 ж. Омбыда өткен қазақ сиезінің делегаты, Ақмола облысы қазақ комитетінің мүшесі. 1917-1918 жж. кеңес өкіметін орнату ісіне араласады. 1920 жылы Қазақ кеңестерінің құрылтай сиезіне



қатынасып, Қазақ АКСР ОАК –нің мүшелігіне сайланады. 1928 жылы Кеңес өкіметінің саясатына наразылық білдіргені үшін тұтқындалады. Ұзамай босатылғанымен, екінші рет ОГПУ жасағының тұтқындауы кезінде оққа ұшқан.

95. Әділұлы Дінмұхамед (Дінше, Мұқыш) – (13.11.1900 жыл, Ақмола облысы, Ақмола уезі - 21.04.1931 жыл, Мәскеу) алғашқы революция жылдарындағы белгілі қоғам қайраткері. 1917 жылғы сәуірде Д. Әділұлы Ақмола облысы қазақтарының съезіне қатысады, съезде сайланған атқару комитетінің нұсқаулары ретінде, Сәкен Сейфуллинмен бірге үйездік қазақ комитетін, жастардың «Жасқазақ» ұйымын ұйымдастырады. 1928 жылы 17 желттоқсанда ГПУ – дің жасағымен тұтқынға алынды. Ірі байларды тәркілеуге қарсы болған деген айып тағылған. Әйгілі «Алаш ісі» бойынша ату жазасына кесілген 13 адамның бірі. 1930 жылы 21 сәуірде атылып, Ваганьков зиратына жерленген. 1988 жыл, 4 қарашада Қазақ ССР Жоғарғы Сотының шешімімен ақталды.

96. Әжібеков Нұрғали – 1897 ж. т., қазақ, Ақмола облысы, Сталин ауданы, 6-шы ауыл, білімі бастауыш. Тұтқынға дейін Ақмола облысында тұрған, Қызыл ту колхозында жұмыс істеген. 1937 жылы 20-шілдеде ПХК Сталин аудандық бөлімшесі тұтқындаған. 1937 жылы 19-қыркүйекте СҚО ПХКБ үштігі 58-10, 58-11 баптары бойынша соттап, ең жоғары жазаға кесілген. 1959 жылы 5-тамызда Ақмола облыстық соты ақтады. Жанұя құрамы: әйелі Әжібекова Казен 1905 ж. т., қызы Әжібекова Үкен 1922 ж. т.

97. Әкімов Мәжит – 1904 ж. т., қазақ, Ақмола облысы, Ақмола ауданы, Ағанас ауылы, оқымаған. Тұтқындалғанға дейін Ақмола облысының Ағанас ауылында тұрған, егіншілікпен айналысқан. 1940 жылы 3 қыркүйекте ПХК Ақмола аудандық бөлімшесі тұтқындаған. 1940 жылы 11 қарашада Ақмола облыстық соты 58-10, 58-11 баптары бойынша соттап, 6 жылға еңбекпен түзеу лагеріне жіберілген. 1990 жылы 16 ақпанда ақталды.

98. Әкімов Сағын – 1897 ж. т., қазақ, Ақмола облысы, Ақмола ауданы, Ағанас колхозы. 1937 жылы 20 тамызда ПХК Ақмола аудандық бөлімшесі тұтқындаған. Қарағанды облыстық ПХК басқармасының үштігі

58-10 бап бойынша 10 жылға соттап, концлагерьге жіберілген. 1956 жылы 12 шілдеде Қарағанды облыстық сотының президиумы ақтады.

99. Әлжанов Қапыш – 1913 ж. т., қазақ, Еркіншілік ауданы, Қарағайлы ауылдық кеңесі, білімі бастауыш. Тұтқындалғанға дейін Ақмола облысы, Исаев атындағы колхозда тұрған. 1937 жылы 10 желтоқсанда ПХК Еркіншілік аудандық бөлімшесі тұтқындаған. 1938 жылы 1 ақпанда Қарағанды облысы бойынша ПХК басқармасының үштігі 58-7 бап бойынша соттап, ең жоғары жазаға кесілді. 1958 жылы 31 наурызда Ақмола облыстық соты ақтады.

100. Әлжанов Рақыш – 1893 ж. т., қазақ, Қарағанды облысы, Ақмола ауданы, Нариманов ауылдық кеңесі. Тұтқындалғанға дейін Ақмола облысының Әскер колхозында тұрған, молда болған. 1936 жылы 2 қарашада ПХК аудандық бөлімшесі тұтқындаған. 1968 жылы 28 ақпанда КСРО Жоғары сотының Әскери коллегиясы ақтады.

101. Әлжанов Смағұл – 1901 ж. т., қазақ, Ақмола облысы, Еркіншілік ауданы, Қарағайлы, білімі бастауыш. Тұтқындалғанға дейін Ақмола облысы, Ерейментау ауданы, Стаханов ауылында тұрған. Исаев атындағы колхозда жұмыс істеген. 1937 жылы 10 желтоқсанда ПХК Еркіншілік аудандық бөлімшесі тұтқындаған. 1938 жылы 1 ақпанда Қарағанды облыстық ПХК басқармасының үштігі 58-7 бап бойынша соттап, ең жоғары жазаға кесілген. 1958 жылы 31 наурызда Ақмола облыстық соты ақтады.

102. Әлкенев Болат – 1907 ж. т., қазақ, Ақмола облысы, Сталин ауданы, 6-шы ауыл білімі бастауыш. Тұтқындалғанға дейін Ақмола облысы, Қызыл ту колхозында сүт-тауар фермасының меңгерушісі болып жұмыс істеген. 1937 жылы 20 шілдеде ПХК Сталин аудандық бөлімшесі тұтқындаған. 1937 жылы 19 қыркүйекте Солтүстік Қазақстан облысы бойынша ПХК басқармасының үштігі 58-10, 58-11 баптары бойынша 8 жылға соттап, еңбекпен түзеу лагеріне жіберілді. 1959 жылы 5 тамызда Ақмола облыстық сотының төралқасы ақтады. Жанұя құрамы: әйелі Әлкенова Бибіжамал, балалары Болатов Асылбек 1933 ж. т., Болатов Ақылбек 1936 ж. т.

103. Әлкенев Әбдірахман – 1888 ж. т., қазақ, Ақмола облысы Еркіншілік ауданы, «Кеңөткел» колхозы, білімі бастауыш.



Тұтқындалғанға дейін сол жерде колхозшы болып істеген. 1940 жылы 19 қыркүйекте ПХК Еркіншілік аудандық бөлімшесі тұтқындаған. 1940 жылы 16 желтоқсанда Ақмола облыстық соты 58-10 бап бойынша 7 жылға соттап, еңбекпен түзеу лагеріне жіберілген. 1998 жылы ҚР Бас прокуратурасы ақтады. Жанұя құрамы: әйелі Әлкенова Нұрила, баласы Әлкенов Шәкен.

104. Әлкенов Рақым – 1907 ж. т., қазақ, Ақмола ауданы, 10-шы ауыл, тұтқындалғанға дейін Ақмола облысы, Қызылжұлдыз колхозында парторг болып жұмыс істеген. 1937 жылы 13 желтоқсанда ПХК Новочеркасск аудандық бөлімшесі тұтқындаған. 1938 жылы 24 қаңтарда Қарағанды облысының ПХК басқармасының үштігі соттап, ең жоғары жазаға кесілген. 1968 жылы 23 қыркүйекте Целиноград облыстық соты ақтады.

105. Әлиев Ғазиз – 1910 ж. т., қазақ, Солтүстік Қазақстан облысы, Новочеркасск ауданы, Исаев колхозы, орта білімді. Тұтқындалғанға дейін Ақмола облысының Астраханка ауылында тұрған. Аудандық қаржы бөлімінің төрағасы-ревизоры болып жұмыс істеген. 1937 жылы 24 тамызда ПХК аудандық бөлімшесі тұтқындаған. 1937 жылы 9 қазанда ПХК басқармасының үштігі 58-7, 58-10, 58-11 баптары бойынша 10 жылға соттап, еңбекпен түзеу лагеріне жіберілген. 1956 жылы 17 наурызда Ақмола облыстық соты ақтады.

106. Әлиев Сартай – 1909 ж. т., қазақ, Ақмола облысы, Ақмола ауданы, Мойля ауылы, білімі бастауыш. Тұтқындалғанға дейін Ақмола облысының Ақмола ауылында тұрған, қызылөскер, Әскерге шақырылғанға дейін 509 ИПТАП 4-ші батареясының комбайншысы болып істеген. 1942 жылы 28 қарашада 42-ші армияның ПХК тұтқындаған. 1943 жылы 8 қаңтарда 42-ші армияның әскери трибуналы 58-8 бап бойынша 10 жылға соттап, еңбекпен түзеу лагеріне жіберілген. 1998 жылы 24 тамызда ҚР әскери прокуратурасы ақтады. Жанұя құрамы: әйелі Әлиева Ольга, қызы Әлиева Лена 1936 ж. т.

107. Әликеев Темеген – 1893 ж. т., қазақ, Солтүстік Қазақстан облысы, Молтов ауданы, Ленин ауылдық кеңесі, білімі бастауыш. Тұтқындалғанға дейін Ақмола облысы, Ленин ауылдық кеңесінде тұрған. «Қызыл Қазақстан» колхозында колхозшы болып істеген. 1937 жылы 4 қарашада ПХК Молотов аудандық бөлімшесі тұтқындаған.

1937 жылы 26 қарашада Солтүстік Қазақстан облыстық ПХК басқармасының үштігі 58-10 бап бойынша 6 жылға соттап, еңбекпен түзеу лагеріне жіберілген. 1989 жылы 12 сәуірде Целиноград облыстық прокуратурасы ақтады. Жанұя құрамы: әйелі Әликеева Қайникамал, балалары Әликеева Күлсім 1922 ж. т., Қадырбаева Баку, Қадырбаева Бибісара, Қадырбаева Зада, Әликеев Өтеген 1925 ж. т., Әликеев Төлеген 1937 ж. т.

108. Әлібеков Ысқақ – 1908 ж. т., қазақ, Ақмола облысы, Рузаев ауданы, Алғабас ауылы, білімі жоғары экономикалық. Тұтқындалғанға дейін Ақмола облысының Ақмола қаласында тұрған. РККА санитарлық взводының командирі болып жұмыс істеген. 1942 жылы 18 қаңтарда ПХК Әскери прокуроры тұтқындаған. 1942 жылы 18 сәуірде Ақмола облысының ПХК басқармасы ақтады. Жанұя құрамы: әйелі Қасымова Нағима, балалары Әлібекова Галина 1935 ж. т., Әлібеков Марат 1939 ж. т.

109. Әлімбаев Қасым – 1912 ж. т., қазақ, Ақмола облысы, Сталин ауданы, 8-ші ауыл, білімі бастауыш. Тұтқындалғанға дейін Ақмола облысы Қосқарағай колхозында өрт сөндіруші болып жұмыс істеген. 1937 жылы 19 желтоқсанда ПХК Сталин аудандық бөлімшесі тұтқындаған. 1937 жылы 19 желтоқсанда Солтүстік Қазақстан ПХК басқармасының үштігі 58-10, 58-11 баптары бойынша соттап, ең жоғары жазаға кесілген. 1999 жылы 16 қарашада Ақмола облысының прокуратурасы ақтады.

110. Әлімбаев Құрманғали – 1894 ж. т., қазақ, Солтүстік Қазақстан облысы, Сталин ауданы, оқымаған. Тұтқындалғанға дейін Ақмола облысының Елтай колхозында тұрған, колхозшы. 1938 жылы 3 ақпанда ПХК Сталин аудандық бөлімшесі тұтқындаған. 1938 жылы 15 шілдеде Солтүстік Қазақстан облыстық сотының арнайы коллегиясы 10 жылға соттап, еңбекпен түзеу лагеріне жіберілген. 1960 жылы 6 наурызда Қазақ КСР Жоғары сотының президиумы ақтады.

111. Әлімбаев Үндібай – 1913 ж. т., қазақ, Солтүстік Қазақстан облысы, Есіл ауданы, білімі бастауыш. Тұтқындалғанға дейін Ақмола облысының Сталин атындағы колхозында тұрған, мұғалім болып жұмыс істеген. 1938 жылы 8 қаңтарда ПХК Қорғалжын аудандық бөлімшесі тұтқындаған. 1938 жылы 8 ақпанда Қарағанды облыстық ПХК басқармасының үштігі 58-2, 58-7, 58-9, 58-10, 58-11 баптары бойынша

соттап, ең жоғары жазаға кесілген. 1957 жылы 23 наурызда Ақмола облыстық соты ақтады.

112. Әлімжанов Шабал – 1902 ж. т., қазақ, Шығыс Қазақстан облысы, Баянауыл ауданы, 8-ші ауылда туған, білімі бастауыш. Тұтқындалғанға дейін Ақмола облысының Жолымбет кенішінде тау-кен ісінің сьемшигі болып жұмыс істеген. 1937 жылы 23 қазанда ПХК Сталин аудандық бөлімшесі тұтқындаған. 1937 жылы 28 қазанда ПХК Сталин аудандық бөлімшесі 58-10, 58-11 баптары бойынша 10 жылға соттап, еңбекпен түзеу лагеріне жіберілген. 1956 жылы 31 мамырда Түркістан әскери округінің әскери трибуналы ақтады. Жанұя құрамы: Әлімжанова Самин, балалары Әлімжанов Қаныш 1933 ж. т., Әлімжанов Қапар 1935 ж. т.

113. Әминов Әбдіш – 1912 ж. т., қазақ, Қарағанды облысы, Новочеркасск ауданы, оқымаған. Тұтқындалғанға дейін Ақмола облысы, Журавлевка ауылында паспортшы болып жұмыс істеген. 1937 жылы 10 қазанда ПХК басқармасының аудандық бөлімшесі тұтқындаған. 1938 жылы 22 қаңтарда ПХК басқармасының үштігі 58-7, 58-10, 58-11 баптары бойынша соттап, ең жоғары жазаға кесілген. 1962 жылы 26 наурызда Целиноград облыстық соты ақтады. Жанұя құрамы: анасы Әминова Салиха, әйелі Әминова Қабиба, балалары Әминов Қалым, Әминов Хамза.

114. Әмралин Айтбек – 1907 ж. т., қазақ, Солтүстік Қазақстан облысы, Атбасар ауданы, 22-ші ауыл, білім бастауыш. Тұтқындалғанға дейін Ақмола облысының Казгородок ауылында аудандық кеңестің атқарушы комитетінің хатшысы болып істеген. 1938 жылы 26 қаңтарда ПХК Қорғалжын аудандық бөлімшесі тұтқындаған. 1938 жылы 8 ақпанда Қарағанды облысының ПХК басқармасының үштігі 58-2, 58-7, 58-10, 58-11 баптары бойынша соттап, ең жоғары жазаға кесілген. 1957 жылы 23 наурызда Ақмола облыстық соты ақтады.

115. Әшібеков Ахмет – 1885 ж. т., қазақ, Қарағанды облысы, Ақмола ауданы, Исаев ауылы, білімі бастауыш. Тұтқындалғанға дейін Ақмола облысы, Интернационал колхозында тұрған. 1937 жылы 29 қарашада ПХК Ақмола аудандық бөлімшесі тұтқындаған. 1937 жылы 8 желтоқсанда Қарағанды облысының ПХК басқармасының үштігі 58-10, 58-11 баптары



бойынша 10 жылға соттап, еңбекпен түзеу лагеріне жіберілген. 1957 жылы 28 желтоқсанда Ақмола облыстық соты ақтады.

116. Баимбетов Байбепиш – 1879 жылы туған, қазақ, Солтүстік Қазақстан облысы, Есіл ауданы, Үлгілі ауылының тумасы, сауатсыз, қамауға алынғанға дейін Солтүстік Қазақстан облысы, Қазақстан колхозында тұрған. 05.08.1937 ж. Есіл НКВД РО, 11.08.1937 ж. Солтүстік Қазақстан облысы бойынша УНКВД үштігі 58-10 бап бойынша өлім жазасына кесті. Отбасы құрамы: әйелі Баимбетова Малика.

117. Байболсынова Назиля – 1926 жылы туған, қазақ, Еркеншілік ауданы, Еремеев ауылдық кеңесінің тумасы, білімі орташа, ұсталғанға дейін Ақмола облысы, Благодатное ауылында тұрған, орта мектепте мұғалім болып жұмыс істеді. 1944 жылы 14 қазанда Ақмола УНКВД-сы тұтқындаған. 14.10.1944 жылы НКВД-ның кезектен тыс мәжілісінде 5 жылға жер аударуға үкім шығарылды, 06.09.1989 жылы Целиноград облысының прокуратурасымен ақталды. Отбасы құрамы: анасы Изтелеуова Зура, 1909 жылы туған.

118. Байбулов Ибранмай – 1893 жылы туған, қазақ, Қарағанды облысы, Қорғалжын ауданы, № 4 ауылының тумасы, білімі бастауыш, қамауға алынғанға дейін Ақмола облысы, Карты колхозында тұрған. 20.12.1937 ж. Қорғалжын НКВД РО тұтқындады, 31.12.1937 ж. Қарағанды облысы бойынша УНКВД үштігімен қамауға алынып, 58-2, 58-8, 58-10, 58-11 баптары бойынша өлім жазасына кесілді, 16.07.1959 ж. Ақмола облыстық соты ақтады.

119. Байбусонов Қайрржан – 1890 жылы туған, қазақ, Солтүстік Қазақстан облысы, Калинин ауданы, Толқынкөл (Тулкункуль) ауылдық кеңесінің тумасы, білімі орташа, қамауға алынғанға дейін Ақмола облысы, Калинин ауданы, Бірлік колхозында тұрған, ауылдық кеңестің төрағасы қызметін атқарған. 1938 жылы 27 қаңтарда Калинин РО НКВД тұтқындап, 1938 жылы 14 ақпанда Солтүстік Қазақстан облысы УНКВД үштігімен 58-10 бабы бойынша өлім жазасына кесілді, 11.05.1989 жылы Целиноград облысының прокуратурасымен ақталған. Отбасы құрамы: әйелі Байбусонова Ажар 1888 жылы туған, қызы Каиржанова Биби 1924 жылы туған, ұлы Каиржанов Кашар 1928 жылы туған.



120. Байгабулов Кашкенбай Князиевич – 1916 жылы туған, қазақ, Ақмола облысы, Атбасар қаласының тумасы, білімі орташа, ұсталғанға дейін Ақмола облысы, Атбасар қаласында тұрған, 15.04.1946 жылы ОКР Смерш 175 СД 58-10 бабы бойынша қамауға алынды, 3-ші соққы армиясының тергеу бөлімімен ақталды.

121. Байгожинов Әбжан – 1884 жылы туған, қазақ, Ақмола облысы, Сталин ауданы, №6 ауылының тумасы, білімі бастауыш, қамауға алынғанға дейін Ақмола облысы, Қызыл колхозында тұрып, колхозшы болып жұмыс істеді. 21.07.1937 ж. Сталиндік НКВД РО тұтқындады, 19.09.1937 ж.. СҚО бойынша УНКВД үштігі 58-10, 58-11 баптары бойынша өлім жазасына кесті, Ақмола облыстық сотының Төралқасымен ақталған.

122. Байгозин Джутабай – 1880 жылы туған, қазақ, Солтүстік Қазақстан облысы, Калинин ауданы, №17 ауылының тумасы, қамауға алынғанға дейін Ақмола облысы, Ковыльная ауылында тұрып, Қызыл Қазақстан колхозында колхозшысы болып жұмыс істеді. 05.08.1937 ж. НКВД РО қамауға алды. 05.09.1937 ж. СҚО НКВД үштігі 58-10 бап бойынша өлім жазасына кесті. 23.05.1989 ж. Целиноград облысының прокуратурасымен ақталған. Отбасы құрамы: 52 жастағы әйелі Байгозина Разия, ұлы Жұмабаев Ағзам.

123. Байгозин Тұрман – 1881 жылы туған, қазақ, Қазақстан, Қорғалжын ауданы, Алакөл (Алкул) ауылы, Коркем колхозының тумасы, сауатсыз, қамауға алынғанға дейін Қазақстан, Алакөл (Алкул) ауылы, Коркем колхозында тұрған, колхозшы болып жұмыс істеді. 29.12.1936 ж. Қорғалжын НКВД-сы қамауға алды. 31.05.1937 ж. Қарағанды облыстық соты 58-10-бап бойынша 5 жылға соттады, 31.07.1998 ж. ҚР Бас прокуратурасымен ақталған. Отбасы құрамы: деректер жоқ.

124. Байдалинов Кәкен – 1906 жылы туған, қазақ, Қарағанды облысы, Ақмола ауданы, №6 ауылының тумасы, сауатсыз, қамауға алынғанға дейін Ақмола облысы, Жолымбет кенішінде тұрды. 29.08.1937 ж. Сталиндік НКВД аудандық бөлімі тұтқындады, 28.11.1937 ж. 58-10, 58-11-бабы бойынша УНКВД үштігімен түзеу еңбек лагеріне (ИТЛ) 10 жылға бас бостандығынан айырып соттады, 31.05.1956 ж. Түркістан әскери округінің әскери трибуналымен



ақталған. Отбасы құрамы: әйелі Байдалинова Көжен 1914 жылы туған, қызы Байдалинова Қазиза 1931 жылы туған, ұлы Кәкенов Қазыбек 1937 жылы туған.

125. Байедилов Жамали – 1889 жылы туған, қазақ, Ақмола облысы, Сталин ауданы, Жамбыл колхозының тумасы, сауатсыз, қамауға алынғанға дейін Жамбыл колхозында тұрып, колхозшы болып жұмыс істеген. 11.08.1947 ж. Ақмола облысы бойынша УМГБ қамауға алынды, 27.09.1947 ж. Ақмола облыстық соты 58-10-бап бойынша түзеу еңбек лагеріне (ИТЛ) 10 жылға бас бостандығынан айыруға соттады, 15.06.1998 жылы ҚР Бас прокуратурасымен ақталған. Отбасы құрамы: әйелі Байедилова Менжан 1912 жылы туған, ұлы 1928 жылы туған, қызы 1945 жылы туған.

126. Байжанов Қамбар – 1912 жылы туған, қазақ, Қарағанды облысы, Қорғалжын ауданы, №8 ауылының тумасы, білімі бастауыш, қамауға алынғанға дейін Ақмола облысы, Қазгородок қаласында тұрып, РайФО-да инспектор болып жұмыс істеді. 22.01.1938 ж. Қорғалжын ауданы бойынша НКВД аудандық бөлімі қамауға алды, 08.02.1938 ж. Қарағанды облысы бойынша УНКВД үштігі 58-2, 58-7, 58-9, 58-10, 58-11 баптары бойынша өлім жазасына кесті, 23.03.1957 ж. Ақмола облыстық сотымен ақталған. Отбасы құрамы: қызы – Байжанова Күләш 1937 жылы туған.

127. Байжігітов Мұрат – 1907 жылы туған, қазақ, Солтүстік Қазақстан Облысы, Есіл ауданы, № 25 ауылының тумасы, сауатсыз, қамауға алынғанға дейін Ақмола облысы, Есіл ауданы, № 25 ауылда тұрған. 08.03.1932 ж. Есіл ауданы ОППУ бөлімі қамауға алды, 20.06.1932 ж. Қазақстандағы ОППУ ІІІ жанындағы үштік 58-8, 59-3-бап бойынша шартты түрде 1 жылға соттады. 25.12.1990 ж. Целиноград облысының Прокуратурасымен ақталған.

128. Байжұманов Әлмұсамбет – 1912 жылы туған, қазақ, Атбасар ауданы, №22 ауылының тумасы, білімі бастауыш, қамауға алынғанға дейін Ақмола облысы, Ұзынкөл ауылында тұрып, мектепте мұғалім болып жұмыс істеді. 20.12.1937 ж. Қорғалжын ауданы бойынша НКВД аудандық бөлімі қамауға алды, 08.02.1938 ж. Қарағанды облысы бойынша УНКВД үштігі 58-2, 58-7, 58-9, 58-10, 58-11 баптары бойынша ең жоғары жаза, өлім жазасына кесті. 23.03.1957 ж. Ақмола облыстық сотымен ақталған.



129. Байжұмықов Қажыбай – 1892 жылы туған, қазақ, Семей облысы, Жарма ауданы, №6 ауылының тумасы, сауатсыз, қамауға алынғанға дейін Ақмола облысы, Ақмола станциясында тұрып, Ақмола станциясында жұмыс істеді. 14.06.1945 ж. Қарағанды т. ж. НКГБ ТО қамауға алды, 30.06.1945 ж. Қарағанды т. ж. әскери трибуналы еңбек түзеу лагеріне (ИТЛ) 6 жылға бас бостандығынан айыруға соттды. 24.04.1990 ж. ҚазКСР Жоғарғы Сотымен ақталған. Отбасы құрамы: әйелі Байжұмықова Қатырсаз, әпкесі Байжұмықова Қарасая.

130. Баймақов Рахымжан – 1895 жылы туған, қазақ, Ақмола облысы, Сталин ауданы, №7 ауылының тумасы, сауатсыз, қамауға алынғанға дейін Ақмола облысы, Сталин кенішінде тұрып, Сталин кенішінде зобойшы болып жұмыс істеді. 30.01.1938 ж. Сталиндік УНКВ РО тұтқындады, 12.02.1938 ж. СҚО бойынша УНКВД үштігі 58-10, 58-11-бап бойынша өлім жазасына кесті, 11.07.1962 ж. Целиноград облыстық сотымен ақталған. Отбасы құрамы: әйелі Баймақова Машке 1901 жылы туған, ұлы Баймақов Сейрхан 1930 жылы туған, қызы Баймақова Фарида 1927 жылы туған, Баймақова Мунира 1937 жылы туған, ағасы Баймақов Қайдар 1918 жылы туған.

131. Баймұқанов Қарсақ – қазақ, Ақмола облысы, Ақмола ауданы, №5 ауылының тумасы, сауатсыз, қамауға дейін Қарағанды облысы, №3 ауылда тұрды. 21.02.1930 ж. Ақмола РО НКВД тұтқындады. 21.02.1930 ж. Ақмола облыстық соты 58-8, 58-11-бап бойынша еңбек түзеу лагеріне (ИТЛ) 10 жылға бас бостандығынан айырылды, 02.09.1992 ж. ҚР Бас прокуратурасы ақтаған.

132. Баймурзин Ыдрыс – 1884 жылы туған, қазақ, Солтүстік Қазақстан Облысы, Есіл ауданы, Еркеншілік ауылдық кеңесінің тумасы, білімі бастауыш, қамауға алынғанға дейін Ақмола облысы, Еңбекшілдер ауданы, Степняк кентінде тұрды. 05.08.1937 жылы Есіл аудандық бөлімінің НКВД тұтқындады. 28.08.1937 ж. Солтүстік Қазақстан облысы бойынша УНКВД үштігі 58-10-бап бойынша өлім жазасына кесті, 09.06.1989 ж. Целиноград облысының прокуроры ақтады. Отбасы құрамы: әйелі Баймурзинова Язика.

133. Баймұхаметова Хадиша – 1889 жылы туған, қазақ, Қарағанды облысы, Ақмола ауданы, Октябрь колхозының тумасы, қамауға алынғанға дейін Ақмола облысы, Октябрь колхозында тұрып,



колхозшы болып жұмыс істеді. 22.11.1937 ж. Ақмола НКВД аудандық бөлімі тұтқындады, 28.11.1937 ж. УНКВД үштігі 58-10, 58-11 баптары бойынша еңбек түзеу лагеріне (ИТЛ) 8 жылға бас бостандығынан айырып соттады. 23.11.1958 ж. Ақмола облыстық сотының Төралқасы ақтаған. Отбасы құрамы: ұлы Баймұхаметова Баймолда 1910 жылы туған, ұлы Баймұхаметов Бикен 1915 жылы туған, қызы Баймұхаметова Құсни 1925 жылы туған.

134. Баймышев Қайыржан – 1886 жылы туған, қазақ, Ақмола облысы, Сталин ауданы, №7 ауылының тумасы, сауатсыз, қамауға алынғанға дейін Ақмола облысы, Жалтыркөл колхозында тұрды, колхозшы болып жұмыс істеген. 30.01.1938 ж. Сталиндік УНКВД РО тұтқындады, 12.02.1938 ж.СҚО бойынша УНКВД үштігі 58-10, 58-11 баптары бойынша өлім жазасына кесті, 11.07.1962 ж. Целиноград облыстық сотымен ақталған. Отбасы құрамы: әйелі Баймышева Замкия 1896 жылы туған.

135. Байпақов Тұрсын – 1876 жылы туған, қазақ, Солтүстік Қазақстан облысы, Сталин ауданы, №3 аулының тумасы, сауатсыз, қамауға алынғанға дейін Ақмола облысы, Жолымбет кенішінде тұрды. 19.12.1937 жылы Сталиндік НКВД РО тұтқындады. 28.12.1937 ж. СҚО бойынша УНКВД үштігі еңбек түзеу лагеріне (ИТЛ) 10 жылға бас бостандығынан айырып соттады, 12.07.1958 ж. Ақмола облыстық сотымен ақталған. Отбасы құрамы: әйелі Байпақова Қадиша 1883 жылы туған, қызы Байпақова Уркуш 1924 жылы туған, қызы Байпақова Нұржамал 1931 жылы туған.

136. Байсалбаев Балтабай – 1866 жылы туған, қазақ, Ақмола қаласының тумасы, сауатсыз, қамауға алынғанға дейін Ақмола облысында, №8 ауылында тұрған. 26.12.1930 ж. қамауға алынды. 02.03.1931 ж. 58-10-бап бойынша 5 жылға жер аударылуға сотталды, 06.10.1989 жылы Целиноград облысының прокуратурасымен ақталған.

137. Байсалов Қайыржан – 1904 жылы туған, қазақ, Қарағанды облысы, Ақмола ауданы, №9 ауылының тумасы, қамауға алынғанға дейін Ақмола облысы, Ақмола қаласы, Бірлік ауылында тұрған, 01.12.1933 ж. Ақмола ГРО ОГПУ қамауға алған, 29.03.1934 ж. Қазақстандағы ОГПУ ІІІ жанындағы үштікпен 58-10, 58-11, 59-3 баптары бойынша еңбек түзеу



лагеріне (ИТЛ) бас бостандығынан айырып сотталған, 07.09.1964 Тың өлкелік сотының төралқасымен ақталған.

138. Байсанов Қойжасар – 1892 жылы туған, қазақ, Қарағанды облысы, Ақмола ауданы, Талапкер колхозының тумасы, сауатсыз, қамауға алынғанға дейін Талапкер колхозында тұрған. 18.08.1938 ж. Ақмола НКВД аудандық бөлімі тұтқындады, 15.02.1939 ж. Қарағанды облыстық сотының сот алқасы 58-7-бап бойынша еңбек түзеу лагеріне (ИТЛ) 15 жылға бас бостандығынан айырып соттаған, 16.11.1999 ж. Ақмола облысының Прокуратурасымен ақталған.

139. Байсеитов Темабай – 1917 жылы туған, қазақ, Ақмола облысы, Ақмола қаласының тумасы, білімі бастауыш, қамауға алынғанға дейін Ақмола облысы, Ақмола қаласында тұрып, мемлекеттік сақтандыру кадрларының инспекторы болып жұмыс істеді. 22.04.1946 ж. Ақмола облысы бойынша УМГБ қамауға алды. 17.09.1946 ж. ТуркВО әскери трибуналы 58-1 бап бойынша еңбек түзеу лагеріне (ИТЛ) 8 жылға бас бостандығынан айырып соттады. 07.06.1999 ҚР Бас әскери прокуратурасымен ақталған. Отбасы құрамы: қызы Тамасваева Райхан 1938 жылы туған.

140. Байгасов Абдолла – 1901 жылы Ақмола губерниясы Петропавл уезі Ортақшылдар болысы, қазіргі Амангелді аулында дүниеге келген. 1917 жылы Омбы мұғалімдер семинариясын бітірген. Алаш орда қайраткері, 1917 жылы Омбыда өткен қазақ сиезінің делегаты. Қызылжар қаласында 1921-1923 жылдары «Бостандық туы» газетінде қызмет істейді. 1923 жылы Ташкент қаласындағы жұмысшы институтында қызмет жасайды. 1924-1927 жылдары Орта Азия мемлекеттік университетінің шығыстану факультетінде оқиды. 1928 жылы «Ақ жол» газетінде техникалық редактор. «Алқа» әдеби ұйымына қатысады. 1929 жылы тұтқындалып, 1930 жылғы 4 сәуірде ОГПУ «үштігі» шешімімен 10 жыл Архангельскіге жер аударылады.

141. Байтенов Сейтжан – 1897 жылы туған, қазақ, Солтүстік Қазақстан облысы, Есіл ауданы, Үлгілі ауылдық кеңесінің тумасы, білімі орта, қамауға алынғанға дейін Ақмола облысы, №12 ауылында тұрып, мектеп мұғалімі болып жұмыс істеген. 03.11.1937ж. НКВД аудандық бөлімі қамауға алды. 26.11.1937 ж. УНКВД үштігі 58-10 бабы бойынша өлім жазасына кесті. 05.06.1989 ж. Целиноград облысының



прокуратурасымен ақталған. Отбасы құрамы: әйелі Байтенова Дилдаш 33 жаста, қызы Байтенова Назира 1928 жылы туған, қызы Байтенова Мафира 2 жаста.

142. Бакраев Ошан Нуралиевич – 1910 жылы туған, қазақ, Ойрат облысы, Қошағаш ауданы, Қазақ ауылының тумасы, білім бастауыш, қамауға алынғанға дейін Ақмола облысы, №35 еңбек кентінде тұрып, Сталин Конституциясы атындағы колхоздың колхозшысы болып жұмыс істеген. 10.03.1941 ж. Ақмола облысының УНКВД қамауға алған. 08.07.1941 ж. Ақмола облыстық соты 58-10, 58-11, 58-2 баптары бойынша өлім жазасына кескен, 27.05.1968 жылы ҚазКСР Жоғарғы Сотының Төралқасымен ақталған.

143. Балабеков Төлебек – 1886 жылы туған, қазақ, Ақмола облысы, Ақмола ауданы, №3 ауылының тумасы, білімі бастауыш, қамауға алынғанға дейін Ақмола облысында тұрып, малшы болып жұмыс істеген. 23.12.1930 ж. Ақмола ОГПУ аудандық бөлімі тұтқындаған, 11.04.1931 ж. Қазақстандағы ОГПУ ПП жанындағы үштік 58-10 бап бойынша концлагерге 3 жылға бас бостандығынан айырып соттаған, 07.09.1989 жылы Целиноград облысының прокуратурасымен ақталған.

144. Балғабеков Ысқақ – 1904 жылы туған, қазақ, Солтүстік Қазақстан облысы, Жаңа жол колхозы, білімі бастауыш, қамауға алынғанға дейін Ақмола облысында тұрып, ВКПБ РК хатшысы болып жұмыс істеген. 17.12.1937 жылы НКВД аудандық бөлімі қамауға алды. 13.03.1938 жылы Жоғарғы Сот өлім жазасына кескен, 01.08.1963 жылы ВС Әскери алқасымен ақталған. Отбасы құрамы: әйелі Балғабекова Жаныл 1910 жылы туған, қызы Балғабекова Амина 1933 жылы туған, қызы Балғабекова Салима, 1936 жылы туған.

145. Балқыбеков Кенбай – 1906 жылы туған, қазақ, Ақмола облысы, Ақмола ауданы, Жаңғыз-Құдық колхозының тумасы, білімі бастауыш, қамауға алынғанға дейін Ақмола облысы, Жаңғыз-Құдық колхозында тұрып, меңгеруші болып жұмыс істеді. 09.10.1950 ж. Ақмола облысы Ақмола аудандық НКГБ бөлімі тұтқындады, 24.01.1951 ж. Ақмола облыстық соты 58-10-бап бойынша еңбек түзеу лагеріне (ИТЛ) 10 жылға бас бостандығынан айырып соттаған. 30.06.1989 жылы ҚазКСР Жоғарғы Сотымен ақталған. Отбасы құрамы: әйелі Балқыбекова Камила, қызы Балқыбекова Шаржан, 1922 жылы туған.



146. Балмағамбетов Қаппас – 1917 жылы туған, қазақ, Ақмола облысы, Қорғалжын ауданының тумасы, білімі орта, қамауға алынғанға дейін Қазақстанда, Ақмола қаласында тұрып, Ақмола бөлімшесінің бас кондитерлік фабриканың қойма меңгерушісі болып жұмыс істеген. 24.03.1950 ж. Ақмола облысы бойынша УМГБ СО қамауға алынған, 03.10.1950 ж. Түркістан әскери округінің әскери трибуналы 58-1 бабы бойынша еңбек түзеу лагеріне (ИТЛ) 25 жылға бас бостандығынан айырып соттаған, Қазақстан Республикасының әскери прокуратурасымен ақталған. Отбасы құрамы: әйелі Такежанова Шынар, қызы Балмағамбетова Назикен 1948 жылы туған, ағасы Балмағамбетов Қамзе 1904 жылы туған.

147. Балтабаев Әбікен – 1908 жылы туған, қазақ, Ақмола облысы, Сталин ауданы, № 6 ауылының тумасы, білімі бастауыш, Сталин рудсоветінің есепшісі болып жұмыс істеген. 20.07.1937 ж. Сталиндік НКВД РО тұтқындаған, 19.09.1937 ж.СҚО бойынша УНКВД үштігі 58-10, 58-11 баптар бойынша өлім жазасына кескен, 05.08.1959 жылы Ақмола облыстық сотының Төралқасымен ақталған.

148. Балтабаев Қопа, 1868 жылы туған, қазақ, Қарағанды облысы, Ақмола ауданы, Ұзынкөл ауылының тумасы, білімі бастауыш, қамауға алынғанға дейін Ақмола облысы, Жаңаауыл колхозында тұрып, колхозда молда болып жұмыс істеген. 10.11.1936 жылы НКВД РО қамауға алған. 21.07.1937 ж. ҚазКСР әскери трибуналымен еңбек түзеу лагеріне (ИТЛ) 5 жылға бас бостандығынан айырып соттаған. 28.02.1963 жылы КСРО Жоғарғы Сотының Әскери алқасымен ақталған.

149. Бастыбаев Ташкен, 1889 жылы туған, қазақ, Қарағанды облысы, Ақмола ауданы, №6 ауылының тумасы, қамауға алынғанға дейін Ақмола облысында тұрған. 01.08.1937 ж. НКВД РО тұтқындаған, 11.10.1937 ж. УНКВД үштік өлім жазасына кескен, 02.07.1989 жылы Целиноград облысының Прокуратурасы ақтаған. Отбасы құрамы: әйелі Таликенова Магульсум, ұлы Таликенов Кәкен, қызы Таликенова Мархаба.

150. Баталов Рахимбек, 1909 жылы туған, қазақ, Ақмола облысы, Есіл ауданы, Дальное ауылының тумасы, білімі бастауыш, қамауға алынғанға дейін Ақмола облысы, Есіл ауданы, Дальное ауылында тұрып, «ҚазССР-ге 30 жыл» колхозының колхозшысы болып жұмыс істеген. 13.07.1951 ж. Есіл МГБ аудандық бөлімі тұтқындап,

27.10.1951 ж. ТуркВО әскери трибуналы 58-1 бабы бойынша еңбек түзеу лагеріне (ИТЛ) 15 жылға бас бостандығынан айырып соттаған, 11.06.1998 жылы ҚР Бас әскери прокуратурасымен ақталған. Отбасы құрамы: әйелі Баталова Алтыншаш, 1909 жылы туған, қызы Баталова Тайғал, 1942 жылы туған.

151. Батырбеков Ерден, 1882 жылы туған, қазақ, Солтүстік Қазақстан облысы, Макинск ауданы, «Кіндік-Қарағай» ауылының тумасы, білімі орта, қамауға алынғанға дейін Ақмола облысы, Макинск ауданында, «Кіндік-Қарағай» ауылында тұрған. 28.11.1937 ж. қамауға алынып, 02.12.1937 ж. 58-10 бап бойынша еңбек түзеу лагеріне (ИТЛ) 10 жылға бас бостандығынан айырып соттаған, 09.06.1989 жылы Целиноград облысының прокурорымен ақталған.

152. Батырғожинов Кагаз, 1903 жылы туған, қазақ, Ақмола облысы, Еркеншілік ауданы, № 12 ауылының тумасы, қамауға алынғанға дейін Ақмола облысы, Жаңа Тұрмыс колхозында тұрған. 04.05.1942 ж. НКВД РО тұтқындап, 27.08.1942 ж. Петропавл гарнизонының әскери трибуналы 58-10 бабы бойынша өлім жазасына кескен, 07.08.1992 жылы Қазақстан Республикасы Прокуратурасымен ақталған. Отбасы құрамы: әйелі Баялова Сара, 1921 жылы туған, ұлы Кагазов Дюсенба, 1941 жылы туған.

153. Баубеков Мұсылманбек, Солтүстік Қазақстан облысы, Ақмола ауданы, Қызыл Ту колхозының тумасы, қазақ, білімі бастауыш, қамауға алынғанға дейін Ақмола облысы, Қызыл Ту колхозында тұрып, ағаш ұсташысы болып жұмыс істеген. 27.12.1937 ж. НКВД РО тұтқындап, 31.12.1937 жылы НКВД үштігі 58-7, 58-10, 58-11 баптар бойынша еңбек түзеу лагеріне (ИТЛ) 10 жылға бас бостандығынан айырып соттаған, 03.11.1988 жылы Целиноград облыстық сотымен ақталған.

154. Баужанов Құрмаш, 1903 жылы туған, қазақ, Ақмола облысы, Ақшалы ауданы, №20 ауылының тумасы, білімі орта, қамауға алынғанға дейін Ақмола облысы, Ақмола қаласында тұрып, қалалық комитеттің ВКП жауапты нұсқаушысы болып жұмыс істеген. 25.05.1934 ж. Ақмола НКВД аудандық бөлімі тұтқындап, 22.12.1934 жылы КСРО НКВД жанындағы ОС еңбек түзеу лагеріне (ИТЛ) 5 жылға



бас бостандығынан айырып соттаған, 25.02.1960 жылы Қарағанды облыстық сотымен ақталған.

155. Бәкіров Аблас – 1896 жылы туған, қазақ, Ақмола облысы, Сталин ауданы, №7 ауылының тумасы, сауатсыз, қамауға алынғанға дейін Ақмола облысы, Сталин кенішінде тұрып, қара жұмысшы болып жұмыс істеген. 30.01.1938 ж. Сталиндік аудандық бөлімнің НКВД қамауға алған, 12.02.1938 ж. СҚО бойынша УНКВД үштігімен 58-10, 58-11 баптары бойынша өлім жазасына кесілген. 18.07.1962 Целиноград облыстық сотымен ақталған. Отбасы құрамы: әйелі Бәкірова Батия 1908 жылы туған, ұлы Бәкіров Құдайберген 1921 жылы туған, қызы Бәкірова Амина 1936 жылы туған.

156. Бегалимов Ғали Бекбергенұлы, 1900 жылы туған, қазақ, ҚазКСР, Ақмола қаласының тумасы, білімі бастауыш, қамауға алынғанға дейін Ақмола облысында тұрып, инспектор болып жұмыс істеген. 07.06.1935 жылы РСФСР КОУ Жоғарғы Сотының 58-10 бабы бойынша қамауға алынып, еңбек түзеу лагеріне (ИТЛ) 2 жылға бас бостандығынан айырып соттаған, 10.06.1966 жылы ҚазКСР Жоғарғы Сотының Төралқасымен ақталған.

157. Бегімбетов Сүлеймен, 1899 жылы туған, қазақ, Солтүстік Қазақстан облысы, Атбасар ауданы, №17 ауылының тумасы, білімі орта, қамауға алынғанға дейін Ақмола облысы, Түлкүн-көл ауылдық кеңесінде тұрып, мектеп директоры болып жұмыс істеген. 28.04.1938 жылы Солтүстік Қазақстан облысы бойынша УНКВД Калинин аудандық бөлімі тұтқындап, 28.10.1938 жылы Солтүстік Қазақстан облысы бойынша УНКВД үштігі 58-2, 58-7, 58-11, 58-1а баптары бойынша өлім жазасына кескен. 05.06.1989 жылы Целиноград облысының Прокуратурасымен ақталған. Отбасы құрамы: әйелі Бегімбетова Шәкен, ағасы Бегімбетов Нығмет.

158. Бегимов Таукел, 1892 жылы туған, қазақ, Қарағанды облысы, Ақмола ауданы, Барташ ауылының тумасы, сауатсыз, қамауға алынғанға дейін Ақмола облысы, Төнкеріс колхозында тұрған, Төнкеріс колхозының колхозшысы болып жұмыс істеген. 05.11.1937 жылы Қарағанды облысының Ақмола УНКВД аудандық бөлімі тұтқындап, 22.11.1937 жылы Қарағанды облысының УНКВД үштігі 58-10, 58-11 баптары бойынша өлім жазасына кескен, Ақмола облыстық



сотымен ақталған. Отбасы құрамы: әйелі Бегимова Карий 1910 жылы туған, қызы Бегимова Курлан 1934 жылы туған, қызы Бегимова Наргоба 1937 жылы туған.

159. Белгібаев Балтабай, 1903 жылы туған, қазақ, Солтүстік Қазақстан облысы (Ақмола облысы) Атбасар ауданының №16 ауылының тумасы, 1932 жылдан Калинин ауданы аудандық атқару комитетінің кадр бөлімінің меңгерушісі қызметінде істеген. 1938 жылы 18 тамызда «партия мен халықтың жауы, контрреволюциялық ұлтшыл-фашистік ұйым» мүшесі ретінде тұтқындалған. Қазақ ССР Жоғары соты шешімімен қылмыстық құрамы болмағандықтан 1989 жылы ақталған.

160. Беимбетов Күлкей Ибрайұлы, 1872 жылы туған, қазақ, Қарағанды облысы, Ақмола ауданы, Талапкер колхозының тумасы, сауатсыз, қамауға алынғанға дейін Ақмола облысы, Ақмола қаласында тұрған. 20.08.1937 жылы Ақмола НКВД РО тұтқындап, 31.10.1937 жылы Қарағанды облысы бойынша УНКВД үштігі 58-10 бап бойынша өлім жазасына кескен. 12.07.1956 жылы Қарағанды облыстық сотының Төралқасымен ақталған. Отбасы құрамы: әйелі Беимбетова Злиха.

161. Бейсекеев Аман, 1910 жылы туған, қазақ, Қарағанды облысы, Ақмола ауданы, Тайтөбе колхозының тумасы, білімі бастауыш, қамауға алынғанға дейін Қарағанды облысы, Сарқаралы ауылдық кеңесі, Тайтөбе колхозында тұрып, колхозшысы болып жұмыс істеген. 26.12.1937 жылы Ақмола НКВД РО тұтқындап, 31.12.1937 жылы Қарағанды облысы бойынша УНКВД үштігі 58-10, 58-11 баптары бойынша еңбек түзеу лагеріне (ИТЛ) 10 жылға бас бостандығынан айырып соттаған. 05.08.1959 жылы Ақмола облыстық сотымен ақталған.

162. Бейсембаев Әбділман, 1893 жылы туған, қазақ, Солтүстік Қазақстан облысының тумасы, Атбасар ауданы, №12 ауылының тумасы, білімі бастауыш, қамауға алынғанға дейін Ақмола облысы, № 16 ауылында тұрып, Жаңа Тұрмыс колхозының төрағасы болып жұмыс істеген. 10.01.1938 ж. Атбасар НКВД РО тұтқындап, 30.01.1938 ж. СҚО бойынша УНКВД үштігі өлім жазасына кескен, 01.02.1960 жылы Ақмола облыстық сотының Төралқасымен ақталған.

163. Бейсембаев Сабыр, 1908 жылы туған, қазақ, Қарағанды облысы, Ново-Черкасский ауданы, Өндіріс колхозы, Петровский ауылдық




кеңесінің тумасы, сауатсыз, қамауға алынғанға дейін Ақмола облысы, Өндіріс колхозында тұрып, бригадир болып жұмыс істеген. СҚО бойынша УНКВД 03.11.1937 ж. қамауға алып, 28.11.1937 ж. Қарағанды облысы бойынша УНКВД үштігі өлім жазасына кескен. 07.09.1957 жылы Ақмола облыстық сотының Төралқасымен ақталған.

164. Бейсембаев Сыздық, 1902 жылы туған, қазақ, Қарағанды облысы, Ақмола ауданы, Төнкеріс колхозының тумасы, сауатсыз, қамауға алынғанға дейін Ақмола облысы, Төнкеріс колхозында тұрып, колхозшы болып жұмыс істеген. 17.11.1937 ж. Қарағанды облысы УНКВД Ақмола аудандық бөлімі тұтқындап, 22.11.1937 ж. Қарағанды облысы УНКВД үштігі 58-10 бап бойынша өлім жазасына кескен, 04.12.1958 ж. Ақмола облыстық сотымен ақталған. Отбасы құрамы: әйелі Бейсембаева Сана 1912 жылы туған, ұлы Бейсембаев Баишкен 1929 жылы туған, қызы Бейсембаев Таслима 1931 жылы туған, ұлы Бейсембаев Төлеген 1936 жылы туған.

165. Бейсембаев Шахмет, 1898 жылы туған, қазақ, Солтүстік Қазақстан облысы, Атбасар ауданы, Жаңа Тұрмыс ауылының тумасы, білімі бастауыш, қамауға алынғанға дейін Ақмола облысы, №16 ауылында тұрып, Жаңа Тұрмыс колхозы төрағасының орынбасары болып жұмыс істеген. 15.01.1938 ж. Атбасар НКВД РО тұтқындап, 30.01.1938 ж. УНКВД үштігімен өлім жазасына кесілген. 01.02.1960 жылы Ақмола облыстық сотының Төралқасы ақтаған.

166. Бейсенов Қылышбай, 1890 жылы туған, қазақ, Қарағанды облысы, Қорғалжын ауданы, Біртабай ауылының тумасы, сауатсыз, қамауға алынғанға дейін Ақмола облысы, Қорғалжын ауданында тұрып, Киров атындағы колхозда колхозшы болып жұмыс істеген. 24.08.1942 жылы Қорғалжын ауданының прокуратурасы тұтқындап, 01.11.1942 жылы Қарағанды облыстық соты 58-10 бап бойынша еңбек түзеу лагеріне (ИТЛ) 7 жылға бас бостандығынан айырып соттаған. Ақмола облысының прокуратурасымен ақталған.

167. Бейсенов Сәкен, 1906 жылы туған, қазақ, Солтүстік Қазақстан облысы, Сталин ауданы, № 1 ауылының тумасы, білімі бастауыш, қамауға алынғанға дейін Ақмола облысы, Еңбек ауылында тұрып, колхозшы болып жұмыс істеген. 08.04.1937 жылы Сталиндік РО тұтқындап, 13.09.1937 жылы УНКВД үштігі 58-10, 58-11 баптары бойынша еңбек түзеу лагеріне



(ИТЛ) 10 жылға бас бостандығынан айырып соттаған. 02.07.1960 жылы Ақмола облыстық сотының Төралқасымен ақталған.

168. Бейсенбай қажы – Қазақстан қазиятының үшінші қазии Жақия-қажы Бейсенбайұлының әкесі. Сәдуақас Ғылманимен дос-жар болған. Үлкен және Кіші Қараой арасындағы Қожахмет Әлімбаи хазіреттің «Көкмешіт» медресесін 1915 жылы бітіріп, Уфадағы Ғалия медресесін тәмәмдап елге оралып, Жарқын, Ұялы ауылдарында моллалық құрып, әрі «Көкмешіт» ұстазы қызметін қоса атқарады. 1929 жылы антисоветтік үгіт-насихат жүргізді, мешіт ұстады деп айыпталған. Көрші Ресей Федерациясының Омбы облысының Люблин ауданына қуғын-сүргіннен бой тасалаған. Сонда жүріп аурудан дүние салған.

169. Болатов Қойшыбай – 1888 жылы туған, қазақ, Солтүстік Қазақстан облысы, Калинин ауданы, Гонконгүл ауылдық кеңесі, қамауға алынғанға дейін Ақмола облысында, Қара ағаш кенішінде тұрды, Қара ағаш кеніші фабрикасында кеңсе тасымалдаушысы болып жұмыс істеді. 1 03.11.1937 ж. ПХК аудандық бөлімшесі қамауға алынды, 20.11.1937 ж. ПХК басқармасының үштігі соттап, жоғары жазаға тартылды. 23.05.1989 ж. Целиноград облысының Прокуратурасы ақтады. Отбасы құрамы: әйелі Қалия Булатова 1837 ж. т., ұлы Жатар Койшибаев 1904 ж. т., інісі Мағзу Булатов 1891 ж. т.

170. Болтанов Төлеу – 1908 жылы туған, қазақ, Ақмола облысы, Сталин ауданы, 6-ауыл, білімі бастауыш, қамауға алынғанға дейін Ақмола облысында, Қызыл туда тұрып, колхоздың есепші болып жұмыс істеді. 20.07.1937 ж. Сталиндік ПХК РО тұтқындады, 19.09.1937 ж. СҚО бойынша ПХК басқармасының үштігі 58-10, 58-11-бап бойынша 10 жылға соттап, еңбекпен түзеу лагеріне жіберілді. 05.08.1959 ж. Ақмола облыстық сотының төралқасы ақтады. Отбасы құрамы: Болтанова Қатира 1915 жылы туған

171. Борамбаев Тоқан – 1896 жылы туған, қазақ, Солтүстік Қазақстан облысы, Калинин ауданы, Қызылжар колхозының тумасы, білімі орта, қамауға алынғанға дейін Ақмола облысында, Қызылжар колхозында тұрып, мектеп мұғалімі болып жұмыс істеді. 19.12.1937 ж. ПХК аудандық бөлімшесі қамауға алынды, 26.12.1937 ж. 58-10 бабы бойынша еңбекпен түзеу лагеріне 10 жылға сотталды, 09.06.1989 ж. Целиноград облысының прокуроры ақтады.



172. Буженов Сейсембай – 1898 жылы туған, қазақ, Қарағанды облысы, Қорғалжын ауданы, Сулыкөл ауылының тумасы, білімі бастауыш, қамауға алынғанға дейін Ақмола облысында, Сулыкөл ауылдық кеңесінде тұрып, колхозшы болып жұмыс істеді. 20.12.1937 жылы ПХК Қорғалжын аудандық бөлімшесі тұтқындады, 31.12.1937 ж. Қарағанды облысы бойынша ПХК басқармасының үштігі 58-2, 38-8, 58-10, 58-11-баптары бойынша ең жоғары жазаға тартылды. 16.07.1959 жылы Ақмола облыстық соты ақтады.

173. Букошев Ақжігіт – 1877 жылы туған, қазақ, Солтүстік Қазақстан облысы, Есіл ауданының тумасы, сауатсыз, қамауға алынғанға дейін Солтүстік Қазақстан облысы, Кендекті колхозында тұрды. 20.11.1937 ж. ПХК Есіл аудандық бөлімшесі, 02.12.1937 жылы Солтүстік Қазақстан облысы бойынша ПХКБ үштігі тұтқындады, 58-10-бап бойынша ең жоғары жазаға тартылды, 19.06.1989 ж. Целиноград облысы прокуратурасы ақтады.

174. Букутов Қасен – 1876 жылы туған, қазақ, Көкшетау облысы, Қарағанды ауданы, Букут ауылының тумасы, білімі орта, қамауға алынғанға дейін Ақмола облысында, Ортақшы ауылында тұрып, колхозшы болып жұмыс істеген. 08.08.1937 ж. Солтүстік Қазақстан облысы бойынша ПХК басқармасы Макинск аудандық бөлімшесі тұтқындады, 13.09.1937 ж. Солтүстік Қазақстан облысы бойынша ПХК басқармасының үштігі соттап, жоғары жазаға кесілді. 23.05.1989 ж. Целиноград облысы прокуратурасы ақтады. Жанұя құрамы: әйелі Букутова Болат.

175. Букушев Есберген – 1876 жылы туған, қазақ, Қарағанды облысы, Қорғалжын ауданы, № 5 ауылының тумасы, сауатсыз, қамауға алынғанға дейін Ақмола облысында, «Октябрь» колхозында тұрған. 22.11.1938 ж. ПХК Қорғалжын аудандық бөлімшесі тұтқындады. 07.02.1938 ж. Қарағанды облысы ПХК басқармасының үштігі 58-7, 58-9, 58-11-баптар бойынша соттап, жоғары жазаға тартылды. 23.11.1957 ж. Ақмола облыстық соты ақтады.

176. Данияров Әлімбек – 1908 жылы туған, қазақ, Солтүстік Қазақстан облысы, Есіл ауданының тумасы, сауатсыз, қамауға дейін Солтүстік Қазақстан облысында тұрып, 36 3 ферманың мал айдаушысы болып жұмыс істеді. 08.02.1938 жылы ПХК Есіл аудандық бөлімшесі тұтқындады. 15.02.1938 Солтүстік Қазақстан облысы бойынша ПХК



басқармасының үштігі 58-10-бап бойынша соттап, жоғары жазаға тартылды. 04.12.1959 жылы Ақмола облыстық соты ақтады.

177. Данияров Аусен – 1889 жылы туған, қазақ, Солтүстік Қазақстан, Еңбекшілдер ауданы, 9 ауылының тумасы, білімі бастауыш, қамауға алынғанға дейін Ақмола 9 ауылында тұрып, Андабай колхозшысы болып жұмыс істеген. 19.03.1931 ж. Есеншілік ОГПУ тұтқындады. 09.06.1931 ж. Қазақстан ОГПУ жанындағы үштігі 58-10, 58-11-бап бойынша соттады. 04.04.1989 ж. Целиноград облысының прокуроры ақтады.

178. Данияров Қабдрахмет – 1911 жылы туған, қазақ, Солтүстік Қазақстан, Сталин ауданы, 5-ші ауыл, білімі бастауыш, қамауға алынғанға дейін Солтүстік Қазақстан облысында, 5-ші ауылда тұрып, «Баскөл» колхозының колхозшысы болып жұмыс істеді. 26.02.1938 ж. ІХК Сталин аудандық бөлімшесі тұтқындады. 17.10.1938 ж. Солтүстік Қазақстан облысы ІХК үштігі 58-1, 58-2-бап бойынша соттап, жоғары жазаға кесілді.

179. Дариманов Рыспек – 1899 жылы туған, қазақ, Атбасар ауданы, 12-ші ауыл. 1924 жылдан БКП(б) мүшесі. Атбасар балалар ауруханасында шаруашылық меңгерушісі болып істеген. 1937 жылы 7 тамызда Атбасар аудандық комитеті бюросының шешімімен «партия мен халық жауларымен байланысы және оларды жасырғаны үшін» партия қатарынан шығарылған.

180. Досов Әбілқайыр Ысқақұлы (1899, Ақмола облысы, № 1 ауыл – 8 наурыз 1938) – кеңестік партия және мемлекет қайраткері. 1917 жылы қазан төңкерісінен кейін Омбы облысы трибуналының мүшесі. Көкшетау төтенше комиссиясының инспекторы, РКБП ОК Сібір бюросы жанындағы татар, қазақ секциясының басшысы. 1920 ж. қазан айында өткен Қазақ кеңестерінің құрылтай сиезінде Қазақ АКСР ОАК төралқа мүшесі. 1922-1926 жылдары Семей облыстық губерниялық комитетінің, Түркістан ревкомының, Орал облысы атқару комитетінің төрағасы. Ақтөбе (1934-1936) және Оңтүстік Қазақстан (1936-1937) облыстық комитеттерінің бірінші хатшысы. 1937 жылдың 28 қарашасында тұтқындалып, 1938 жылы 8 наурызда КСРО Жоғарғы Соты Әскери коллегиясының үкімімен ату жазасына кесілді. 1956 жылы 12 қазанда ақталды.



181. Досов Рыспай – 1896 ж. т., қазақ, Солтүстік Қазақстан облысы, Сталин ауданы, 3-ші ауыл, оқымаған. Тұтқындалғанға дейін Ақмола облысы, Бестоғай ауылдық кеңесінде «Интернационал» колхозының төрағасы болып жұмыс істеген. 1937 жылы 12 желтоқсанда ПХК Сталин аудандық бөлімшесі тұтқындаған. 1937 жылы 28 желтоқсанда Солтүстік Қазақстан облысының ПХК басқармасының үштігі соттап, ең жоғары жазаға кесілген. 1958 жылы 12 шілдеде ақталды. Жанұя құрамы: әйелі Досова Бәтима, балалары Рыспаев Қасман, Рыспаев Сайлаубек, Рыспаева Майра.

182. Досымов Абдолла – 1907 ж. т., қазақ, Солтүстік Қазақстан облысы, Ақмола ауданы, білімі жоғары. Тұтқындалғанға дейін Ақмола облысы, Есіл ауылында тұрған, банкте экономист болып жұмыс істеген. 1936 жылы 28 қыркүйекте ПХК Есіл аудандық бөлімшесі тұтқындаған. 1937 жылы 9 шілдеде Солтүстік Қазақстан облыстық соты 58-10 бап бойынша 10 жылға соттап, еңбекпен түзеу лагеріне жіберілген. 1959 жылы 26 наурызда КСРО Жоғарғы соты ақтады.

183. Денисламов Калимулла – 1899 ж. т., башқұрт, Башқұрт АКСР, Верхне-Кингинский ауданы, Бишерлярская деревнясының тумасы. «Халық жауы» ретінде сотталғанға дейін Атбасар қой совхозының директорының орынбасары болып істеген, № 5 Атбасар қой совхозында тұрып келген. 1989 жылы ақталған.

184. Дүйсекенов Серғазы – 1872 ж. т., қазақ, Солтүстік Қазақстан облысы, Калини ауданы, Қоскөл ауылы, білімі бастауыш. Тұтқындалғанға дейін Қоскөл колхозында жұмыс істеген. 1937 жылы 18 желтоқсанда ПХК Калинин аудандық бөлімшесі тұтқындаған. 1937 жылы 26 желтоқсанда Солтүстік Қазақстан облысы ПХК басқармасының үштігі 58-10 бап бойынша 10 жылға соттап, еңбекпен түзеу лагеріне жіберілген.

185. Дүйсембаев Жүсіп – 1898 ж. т., қазақ, Ақмола облысы, Қорғалжын ауданы, Сталин атындағы колхоз, білімі бастауыш. Тұтқындалғанға дейін колхозда жұмыс істеген. 1946 жылы 31 тамызда Қорғалжын аудандық ПХК тұтқындаған. 1947 жылы Түркістан әскери округінің әскери трибуналы 58-10, 58-11 баптары бойынша 10 жылға соттап, еңбекпен түзеу лагеріне жіберілген. 1997 жылы 5 мамырда ҚР Бас прокуратурасы ақтады.



186. Дүйсенбаев Мұхамеджан – 1907 ж. т., қазақ, Солтүстік Қазақстан облысы, Айыртау ауданы, Каменный брод ауылы, білімі орта. Тұтқындалғанға дейін Солтүстік Қазақстан облысы, Қорғалжын аудандық халыққа білім беру бөлімінің меңгерушісі болды. 1938 жылы 3 мамырда ПХК аудандық бөлімшесі тұтқындаған. 1938 жылы 26 қазанда Қарағанды облысының ПХК басқармасының үштігі 58-2, 58-8, 58-10, 58-11 баптары бойынша соттап, ең жоғары жазаға кесілген. 1958 жылы 22 ақпанда Ақмола облыстық сотының төралғасы ақтады.

187. Елемесов Айтжан – 1902 ж. т., қазақ, Қарағанды облысы, Атбасар қаласы, оқымаған. Тұтқындалғанға дейін Ақмола облысы, Атбасар қаласында тұрған. 1932 жылы 10 қыркүйекте Атбасар аудандық ОГПУ бөлімшесі тұтқындаған. 58-8 бап бойынша сотталып, ең жоғары жазаға кесілген. 1992 жылы 7 қыркүйекте ҚР Бас прокуратурасы ақтады.

188. Елеуов Жұмабек – 1901 ж. т., қазақ, Қарағанды облысы, Сталин ауданы, 6-шы ауыл, білімі бастауыш. Тұтқындалғанға дейін Ақмола облысы, Қызылту колхозында мұғалім болып жұмыс істеген. 1933 жылы 13 қазанда Сталин аудандық ОГПУ бөлімшесі тұтқындаған. 58-10 бап бойынша 2 жылға сотталып, еңбекпен түзеу лагеріне жіберілген. 1990 жылы 24 қазанда ақталды.

189. Елецкий Степан Сергеевич – 1908 ж. т., орыс, Ақмола облысы, Покровка ауылы, білімі бастауыш. Тұтқындалғанға дейін Ақмола облысы, Семенов ауылында тұрған, Сталин атындағы колхозда жұмыс істеген. 1933 жылы ОГПУ тұтқындаған, 59-7 бап бойынша 3 жылға сотталған. 1968 жылы 18 қаңтарда Целиноград облыстық соты ақтады.

190. Ендібаева Күлбай – 1925 ж. т., қазақ, Ақмола облысы, Қорғалжын ауданы, Сталин атындағы колхоз, білімі орта. Тұтқындалғанға дейін Ақмола облысы, Сталин атындағы колхозда жұмыс істеген. 1944 жылы 2 сәуірде 5 жылға жер аударылған. 1989 жылы 15 маусымда Целиноград облысының прокуратурасы ақтады.

191. Ерденаев Айтжан – 1888 ж. т., қазақ, Ақмола қаласы, оқымаған. 1937 жылы 20 тамызда ПХК Ақмола аудандық бөлімшесі тұтқындаған. 1937 жылы 31 қазанда Қарағанды облысының ПХК басқармасының үштігі 58-10 бап бойынша соттап, ең жоғары жазаға кесілген. 1956 жылы 12 шілдеде ақталды.



192. Ержанов Дәуренбек – 1906 ж. т., қазақ, Солтүстік Қазақстан облысы, Есіл ауданы, Еркіндік ауылы, білім орта. Тұтқындалғанға дейін Ақмола облысы, Есіл ауданы, Кіндікті колхозының төрағасы болған. 1937 жылы ПХК Есіл аудандық бөлімшесі тұтқындаған. 1938 жылы 5 ақпанда Солтүстік Қазақстан облысы ПХК басқармасының үштігі 58-2, 58-7, 58-11 баптары бойынша соттап, ең жоғары жазаға кесілген. 1960 жылы Ақмола облыстық соты ақтады. Жанұя құрамы: әйелі Ержанова Тұрсын, баласы Жұманбеков Өтеген.

193. Есмағамбетов Ізгілеу – 1907 ж. т., қазақ, Солтүстік Қазақстан облысы, Есіл ауданы, білімі орта. Тұтқындалғанға дейін Ақмола облысы, Есіл ауданы, Есіл ауылында ет-сүт совхозының зоотехнигі болып жұмыс істеген. 1937 жылы қыркүйекте ПХК Есіл аудандық бөлімшесі тұтқындаған. 1937 жылы 13 желтоқсанда Солтүстік Қазақстан облыстық соты 58-7, 58-10, 58-11 баптары бойынша соттап, ең жоғары жазаға кесілген. 1957 жылы 12 желтоқсанда ақталды.

194. Етыкпаев Камшибай – 1903 ж. т., қазақ, Солтүстік Қазақстан облысы, Атбасар ауданы, № 12 ауыл тумасы, 1932 жылы Киев губерниясы, Черкасск уезінде қызмет істеген. БКП(б) мүшесі, Омбы теміржолы қозғалыс қызметінің 6 – ші бөлім бастығының орынбасары қызметін атқарған. 1937 жылдың 27 тамызында «халық жаулары трокуишілдермен байланыста болғаны, троцкизмді насихаттағаны үшін» партиядан шығарылып, қуғын-сүргін құрбаны болған.

195. Жанайдаров Сейілбек Мейрамұлы – 1884 жылы Ұлытауда дүниеге келген. 1913 жылы Санкт-Петербург университетінің заң факультетін бітірген. 1916 жылы әскерге алынған қазақ жастарына көмектескен. Атбасар уездік Алаш уездік атқару комитетінің тұңғыш төрағасы. 1919 ж. Атбасардағы алаш комитетін қайта келтіруге белсене қатынасқан. 1917 жылы Орынборда өткен 1-ші жалпықазақ съезінде қатынасқан. Алаш-Орда үкіметінің мүшесі. 1919 жылы Атбасар уезіндегі большевиктердің Мариіндегі көтерілісін басып, Атбасар уездік алаш комитетін қалпына келтірушілердің бірі.

196. Жұмабаев Мағжан (Әбілмағжан) Бекенұлы – ақын, қазақ әдебиетінің жарық жұлдызы. 1893 жылы Солтүстік Қазақстан облысы Мағжан Жұмабаев ауданы, Сасықкөл деген жерде Бекен болыстың



отбасында дүниеге келген. Қызылжардағы М. Бегишевтің медресесін бітірген. 1910-1913 жылдары Уфа қаласындағы «Ғалия» медресесінде білім алған. 1913-1916 жылдары Омбы мұғалімдер семинариясында оқиды. 1917 жылы Омбыда өткен Ақмола қазақ сиезін ұйымдастырушылардың бірі. Ақмола облыстық қазақ комитетінің мүшесі. Ресей мұсылмандарының құрылтай сиезіне, бірінші жалпықазақ сиезінде Бүкілресейлік құрылтай сиезіне делегат ретінде ұсынылған. Екінші 1917 жылы желтоқсандағы жалпы қазақ сиезінде Алаш үкіметінің оқу ісі жөніндегі комиссия төрағасы қызметін атқарған. Ә.Бөкейхан, А.Байтұрсынұлы, М.Дулатұлы секілді алаш қайраткерлерімен байланыс орнатып, «Қазақ» газетіне өз өлеңдерін жариялайды. 1917 жылы Ақпан төңкерісінен кейін қалыптасқан саяси жағдайға сай қоғамдық өмірге белсене араласып, Ақмола облыстық қазақ съезін өткізуді ұйымдастырушылардың қатарында болды. 1919-1923 жылдары Ақмола губерниялық «Бостандық туы» газетінде, «Шолпан», «Сана» журналдарында, «Ақжол» газетінде қызмет істеп жүріп, халықа ағарту жұмысына белсене араласады. Сол кезеңде қауымға таныс поэмасы «Батыр Баянды» жазып, жарыққа шығарады. 1923-1927 жылдары Мәскеуде Жоғары әдебиет-көркемөнер институтында оиды. 1927-1929 жылы Бурабайда, одан соң Қызылжарда оқытушы. 1929 жылы «Алқа» атты жасырын ұйым құрды деген айыппен тұтқынға алынып, Мәскеудегі Бутырка түрмесіне жабылады, 10 жыл айдауға кесіледі. 1936 жылы М.Горький мен Е.Пешкованың араласуымен бостандыққа шығады. Қызылжарда орыс тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі қызметені орналасады. Алайда саяси себептермен жұмыстан шығарылады. Алматыға 1937 жылы келіп, аударма ісімен айналысады. Алматыда екінші рет «халық жауы» деген айыппен тұтқындалады. 1938 жылы ақпан айында Алматыда атылған. Мағжан Жұмабаев 1960 жылы заң жүзінде ақталды, алайда саяси ақталу тек 1988 жылы ғана жүзеге асты.

197. Жұрынтаев Әбіғал – 1900 жылы туған, қазақ, Солтүстік Қазақстан облысы, Атбасар ауданы, Қаратомар ауылының тумасы, білімі бастауыш, қамауға алынғанға дейін Ақмола облысы, Атбасар ауданы, «Жаңа-тұрмыс» колхозында тұрып, қоймашы болып жұмыс істеген. 27.01.1938 жылы Атбасар РО НКВД тұтқындап, 12.02.1938 жылы Солтүстік Қазақстан бойынша НКВД үштігімен 58-7, 58-8, 58-11 баптары бойынша өлім жазасына кесілген. 29 мамыр 1958 жылы Ақмола облыстық сотының қаулысымен ақталған. Отбасы құрамы: әйелі Жұрынтаева



Сақыш, 1906 жылы туған, ұлы Жұрынтаев Базар, 1934 жылы туған, қызы Жұрынтаев Қайния, 1926 жылы туған, ағасы Жұрынтаев Жеке, 1914 жылы туған.

198. Жүсіпов Әбен – 1882 жылы туған, қазақ, Ақмола округі, Ақмола ауданы, №2 ауылының тумасы, қамауға алынғанға дейін Ақмола облысы, №2 ауылда тұрған. 23.12.1930 жылы Ақмола РО ОГПУ қамауға алған. 17.05.1931 жылы Ақмола ГО ОГПУ ақтаған.

199. Жүсіпов Байболат – 1891 жылы туған, қазақ, Қарағанды облысы, Қорғалжын ауданы, Ұзынүлен колхозының тумасы, білімі бастауыш, Ақмола облысы, Жаңажол колхозында тұрып, колхоз төрағасы болып жұмыс істеген. 03.11.1937 жылы Ақмола НКВД аудандық бөлімі тұтқындап, 19.11.1937 жылы Қарағанды облысы бойынша УНКВД үштігі 58-7, 58-10, 58-11-бап бойынша концлагерьге 10 жылға бас бостандығынан айыруға соттаған. 25.01.1964 жылы ҚазКСР Жоғарғы Соты ақтаған. Отбасы құрамы: әйелі Жақыпбекова Сабыр.

200. Жүсіпов Ғабдулла – 1910 жылы туған, қазақ, Солтүстік Қазақстан облысы, Сталин ауданы, №8 ауылының тумасы, қамауға алынғанға дейін Ақмола облысы, Ерназар колхозында тұрып, малшы болып жұмыс істеген. 09.10.1937 жылы Сталин аудандық ІХК тұтқындап, 30.12.1937 жылы СҚО бойынша ІХКБ үштігі 58-7-бап бойынша еңбек түзеу лагеріне (ИТЛ) 10 жылға бас бостандығынан айырып соттаған. 06.10.1989 жылы Целиноград облысының прокуратурасымен ақталған.

201. Жүсіпов Қырықбай – 1878 жылы туған, қазақ, Солтүстік Қазақстан облысы, Сталин ауданы, №8 ауылының тумасы, білімі бастауыш, қамауға алынғанға дейін Ақмола облысы, Ерназар колхозында тұрып, колхозшы болып жұмыс істеген. 16.04.1938 жылы УНКВД РО тұтқындап, 28.10.1938 жылы УНКВД үштігі 58-1а, 58-2, 58-7, 58-11 баптар бойынша өлім жазасына кесілген. 05.06.1989 жылы Целиноград облысының Прокуратурасымен ақталған. Отбасы құрамы: ұлы Қырықбаев Қасым, 1924 жылы туған.

202. Жүсіпов Көшербай – 1899 жылы туған, қазақ, Солтүстік Қазақстан облысы, Есіл ауданы, №25 ауылының тумасы, сауатсыз, қамауға алынғанға дейін Ақмола облысы, Есіл ауданы, №25 ауыл, Голощекин атындағы колхоздың қатардағы колхозшысы болып жұмыс істеді.



08.03.1932 жылы Есіл РО ОГПУ тұтқындап, 20.06.1932 жылы Қазақстандағы ОГПУ ІІІ жанындағы үштік 58-8, 59-3 баптары бойынша концлагерьге 2 жылға бас бостандығынан айырып соттаған. 26.12.1996 жылы Целиноград облысының Прокуратурасымен ақталған.

203. Жүсіпов Мәжит – 1898 жылы туған, қазақ, Қарағанды облысы, Сталин ауданы, Қадыр ауылының тумасы, сауатсыз, қамауға алынғанға дейін Ресейде тұрған, Жаңақ ауылы, малшы болып жұмыс істеген. 13.10.1933 жылы ОГПУ бөлімімен қамауға алынып, 23.03.1934 жылы Қазақстандағы ОГПУ ІІІ жанындағы үштікпен 58-10-бап бойынша еңбек түзеу лагеріне (ИТЛ) 5 жылға бас бостандығынан айырып соттаған. 24.10.1996 жылы Целиноград облысының прокурорымен ақталған.

204. Жүсіпов Сәбит – 1894 жылы туған, қазақ, Солтүстік Қазақстан облысы, Сталин ауданы, № 5 ауылының тумасы, білімі орта, қамауға алынғанға дейін Ақмола облысы, Голощекин атындағы колхозында тұрып, колхозшы болып жұмыс істеген. 08.10.1937 жылы Сталиндік НКВД аудандық бөлімі тұтқындап, 03.11.1937 жылы Солтүстік Қазақстан облысы бойынша УНКВД үштігі өлім жазасына кесілген. 15.05.1989 жылы Целиноград облысының прокуратурасымен ақталған. Отбасы құрамы: 1906 жылы туған, әйелі Жусупова Мафкуза, 1935 жылы туған, қызы Сәбитова Қаншаш.

205. Жүсіпов Шайжан – 1920 жылы туған, қазақ, Ақмола облысы, Калинин ауданы, Сарымсақты ауылының тумасы, білімі бастауыш, қамауға алынғанға дейін сол жерде тұрып, сатушы болып жұмыс істеген. 07.01.1948 жылы Ақмола облысы бойынша Калинин УМВД аудандық бөлімі тұтқындап, 06.07.1948 жылы Ақмола облыстық соты 58-10-бап бойынша еңбек түзеу лагеріне (ИТЛ) 10 жылға бас бостандығынан айырып соттаған. 10.09.1999 жылы Ақмола облысының прокуратурасы ақтаған.

206. Жылқыбаев Оразбай – 1897 жылы туған, Ақмола облысы, Қорғалжын ауданы, №10 ауылының тумасы, білімі орта, қамауға алынғанға дейін Ақмола облысы, Ақмола қаласында тұрған. 25.08.1942 ж. НКВД ОО қамауға алып, 15.12.1942 ж. Петропавл гарнизонының ВТ 58-10-бабы бойынша еңбек түзеу лагеріне (ИТЛ) 10 жылға бас бостандығынан айырып соттаған, 18.04.1941 жылы ТуркВО ВП бөлімімен ақталған. Отбасы құрамы: 1907 жылы туған әйелі Байғожинова Қаныш, ұлы



Жылқыбаев Мұхаметқали, ұлы Жылқыбаев Қоңыр, қызы Жылқыбаева Шайза, ағасы Жылқыбаев Исен.

207. Ибраев Аманбай – 1920 ж. т., қазақ, Қарағанды облысы, Қарқаралы ауданы, білімі орта, тұтқындалғанға дейін Ақмола облысы, Толконкульск қаласында тұрған, орта мектеп директоры болып жұмыс істеген. 28.04.1943 жылы ПХК Ново-Черкасск аудандық бөлімшесі тұтқындады. 20.07.1943 жылы Ақмола облыстық сотының үкімімен 58-10 бап бойынша 8 жылға еңбекпен түзеу лагеріне жіберілген. 1960 жылы 30 наурызда ҚазКСР Жоғарғы Сотының Президиумының қаулысымен ақталды. Отбасы құрамы: анасы Ибраева Күлпарам 1897 ж. т., әйелі Биғожина Ұмсын 1920 ж.т., ағасы Ибраев Ерменбек 1919 ж.т., ағасы Ибраев Қалмек 1925 ж.т., қарындасы Ибраева Майра 1941 ж.т.

208. Ибраев Қасен – 1905 ж. т., қазақ, ҚазССР, Қағалы ауданы, Жансала ауылы, білімі орта. 28.03.1943 ж. - 05.03.1943 ж. 4-ші бөлімнің әскери трибуналымен ұсталып, 58-1 бабы бойынша 10 жылға бас бостандығынан айыру жазасына кесілді, 04.06.1992 ж. ГВП ақталды.

209. Ибраев Күлкен – 1910 жылы туған, қазақ, Қарағанды облысы, Шет ауданы, Тағла ауылы, білімі-бастауыш. Тұтқындалғанға дейін Қарағанды облысы, Тағла ауылында тұрған. 1944 жылы 7 желтоқсанда Гвардиялық армияның 1-ші әскери трибуналы 58-12 бабы бойынша еңбекпен түзеу лагерінде бас бостандығынан айыру жазасына кесілген. 1999 жылы 3 қарашада Қазақстан Республикасының Бас прокуратурасы ақтады. Отбасы құрамы: әйелі Ибраева Маттың 1923 ж.т.

210. Ибраев Мұқан – 1892 ж. т., қазақ, Атбасар ауданы, колхоз Париж коммунасы, білімі бастауыш, қамауға алынғанға дейін колхоз бригадирі болып жұмыс істеген. 02.05.1943 жылы Атбасар аудандық прокуратурасымен қамауға алынды, 30.05.1943 | Ақмола облыстық соты 58-10 бап бойынша 10 жылға бас бостандығынан айыру жазасын еңбекпен түзеу лагерінде өтеуге үкім шығарды: 28.07.1998 ж. ҚР Бас прокуратурасымен ақталған.

211. Ибраев Мүфти – 1891 ж. т., қазақ, Атбасар ауданы, №12 ауыл, білімі бастауыш, ұсталғанға дейін Ақмола облысы, Кавыленко ауылында тұрған. 27.01.1938 жылы Калинин аудандық ПХК тұтқындаған. 12.02.1938 Солтүстік Қазақстан облысы ПХКБ үштігімен 58-6 бабы бойынша ауыр



жазаға кесіліп, 1958 жылы 27 маусымда Ақмола облыстық сотының қаулысымен ақталды. Отбасы құрамы: жұбайы Ибраева Жұмақия, ұлы Ибраев Баташ.

212. Ибраев Мұхамеджан – 1906 ж.т., қазақ, Қарағанды облысы Қорғалжын ауданы, Сабынды ауылдық кеңесі тумасы, білімі бастауыш, ұсталғанға дейін Ақмола облысында, «Труженик» колхозында есепші болып жұмыс істеген. 31.12.1937 жылы ПХК Қорғалжын аудандық бөлімшесі, 02.07.1938 жылы Қарағанды облысы ПХКБ үштігімен қамауға алынды. 58-7, 58-9, 58-1 баптары бойынша жоғары жазаға кесілді. Ақмола облыстық сотының 1957 жылғы 23 қарашадағы қаулысымен ақталды.

213. Ибраев Оспан – 1890 ж. т., қазақ, Солтүстік Қазақстан облысы, Есіл ауданы тумасы, білімі бастауыш, қамауға алынғанға дейін Солтүстік Қазақстан облысы, Есіл ауданы, Атбасар түрмесінде тұрған. 30.01.1938 жылы ПХК Атбасар аудандық бөлімшесі, 12.02.1938 жылы Солтүстік Қазақстан облысы ПХКБ үштігімен қамауға алынды. 58-2, 58-7, 58-8, 58-10, 58-11 баптары бойынша жоғары жазаға кесілді, 22.03.1961 жылы Ақмола облыстық сотының үкімімен ақталды. Құрамы, отбасы: Ибраевтың әйелі Шарқымтен, балалары Ибраев Зәкен, Ибраев Қалатай, Ибраева Мария, Ибраева Бақыт.

214. Ибраев Сатай – 1909 ж. т., қазақ, Ақмола облысы тумасы, білімі бастауыш, қамауға алынғанға дейін Ақмола облысы, Қорғалжын ауданы, Киров атындағы колхозда тұрған. 1018 атқыштар полкінің қызыл әскері. 14.02.1943 жылы тұтқындалды ПХК 269 СД 27.02.1943 ВТ 269 атқыштар дивизиясы 58-1 бабы бойынша 10 жылға еңбекпен түзеу лагерінде бас бостандығынан айырылды. 16.07.1999 ж. Қазақстан Республикасы Бас әскери прокуратурасы ақтады. Отбасы құрамы: үйленген, 2 баласы бар.

215. Ибраев Саттар – 1913 жылы туған, қазақ, Ақмола облысы, Қорғалжын ауданы, Қызылсай ауылдық кеңесі, оқымаған, ұсталғанға дейін Ақмола облысында тұрған, Киров атындағы колхозда колхозшы болып жұмыс істеген, 11.11.1999 жылы Прокуратурамен ақталған.

216. Игіліков Байбұл – 1869 жылы туған, қазақ, Солтүстік Қазақстан облысы, Калинин ауданы Қарабұтақ ауылы, ұсталғанға дейін Ақмола облысы Қараағаш руднигінде тұрған, молда болған. 25.01.1938 ж.



тұтқындалып, 12.02.1938 ж. ПХК басқармасының үштігімен қамауға алынып 58-10 бабы бойынша жоғары жазаға кесілген. 04.11.1959 жылы Ақмола облыстық соты ақтады. Отбасы құрамы: әйелі Игликова Алтынжан 1882 ж. т, ұлы Игликов Байбұл 1914 ж. т., інілері Игликов Сарбаз 1910 ж. т., Игликов Барий 1926 ж. т.

217. Игіліков Серғазы – қазақ, Ақмола облысы, Ново-Черкасск ауданы, Оложал ауылы, білімі бастауыш, ұсталғанға дейін Приморск өлкесі, Артем қаласында тұрған. 19.02.1946 жылы ұсталды НКГБ Приморск әскери өлкесі, 24.04.1946 жылы Приморск өлкесі әскери трибуналымен 58-1 бабы бойынша бас бостандығынан айырылып, 10 жылға сотталды. 09.03.1994 ж. Әскери прокуратурамен ақталды.

218. Идрисов Абайділдә – 1912 ж. т. қазақ, Қарағалы ауылдық кеңесі, білімі бастауыш, тұтқындалғанға дейін Ақмола облысы Благодатное ауылында тұрған. аудандық комсомол комитетінің 2 хатшысы қызметін атқарды. 10.12.1939 ж. ПХК Еркіншілік аудандық бөлімшесі қамауға алынып, Қарағанды облысы ПХК басқармасының үштігі қамауға алынып 58-7 бабы бойынша сотталып, концлагерьге жіберілді. 31.03.1958 ж. Ақмола облыстық соты ақтады.

219. Идрисов Жұмаділдә – 1905 ж. т., Еркіншілік ауданы, 1 ауыл, білімі бастауыш, тұтқынға алынған дейін Ақмола облысы, Жолымбет руднигінде тұрды. Жалымбет руднигінің хатшысы. 14.10.1937 ж. ПХК Сталин аудандық бөлімшесі тұтқындаған. 28.11.1937 ж. 58-10, 58-11 баптары бойынша 10 жылға бас бостандығынан айырылды. 31.05.1956 ж. Түркістан әскери округы әскери трибуналының бұйрығымен ақталды.

220. Идрисов Қасен – 1898 ж. т. қазақ, Ақмола облысы Еңбекшілдір ауданы, ауыл 7, сауатсыз, тұтқындалғанға дейін Ақмола облысы Бұғымбай ауылы, «Қазалтын» руднигінде жұмысшы болған. 01.01.1944 ж. Ақмола облысы НКГБ тұтқындалды. 14.09.1944 ж. Ақмола облысының сотымен 58-10 бабы бойынша 10 жылға бас бостандығынан айырылды. 31.01.1990 ж. Жоғарғы сот алқасы шешімімен ақталды.

221. Идрисов Хафиз – 1877 ж. т. қазақ, Қарағанды облысы, Ақмола ауданы, 5-ші ауыл, тұтқындалғанға дейін Қарағанды облысы, Жолымбет руднигінде тұрған, 02.10.1937 ж. тұтқындалды. 31.01.1992 ж. Целиноград облысының прокуратурасы ақтады.



222. Измайлов Әбурахым Аюпұлы – 1868 ж.т., қазақ, Ақмола облысы, білімі орта, қамауға алынғанға дейін Ақмола облысы, Ақмола қаласында тұрған. 03.11.1936 жылы ПХК аудандық бөлімшесі, 21.06.1937 жылы Қазақ КСР Әскери трибуналымен қамауға алынды, 58-6, 58-10, 58-11 баптарымен жоғары жазаға кесілді. 28.02.1963 ж. КСРО жоғарғы сот алқасымен ақталды.

223. Кеменгерев Қошмұхамбет Дүйсебайұлы (15 шілде 1896, бұрынғы Ақмола облысы, Омбы уезі, Беке болысы, Қаржас ауылы – 21 қараша 1937, Омбы) – алаш қайраткері, ғалым, драматург, жазушы, журналист. Қошке Кеменгерұлы Ақмолада “Жас қазақ” ұйымының жұмысына да қатысады. 1917 жылы Қ.Кеменгерұлы Ақмола облыстық Алаш партиясы комитетін ашуғат ат салысып, Ақмола облыстық алаш комитеттің мүшесі болады. Желтоқсанның 5-13 арасында Орынборда өткен Алаш Орданың ІІ жалпықазақ съезіне делегат ретінде қатысады. 1919 жылы Қошке Омбы политехника институтына оқуға түседі. 1920 жылы Ақмола облысына (орталығы – Омбы) қарайтын Петропавл (Қызылжар) уезіне мұғалімдікке шақырылады. Мұнда ол жаңадан құрылған, аты заманына сай “Қызыл мұғалімдер курсына” оқытушы 1930 жылы 13 қазанда Қ.Кеменгерұлы “Кеңес өкіметіне қарсы әрекет жасаушы” деген жалған айыппен Ташкентте ұсталып, абақтыға жабылады. Қошке Ташкенттен Алматы абақтысына айдалды. Ол Алматы түрмесінде 1932 жылдың сәуір айының соңына дейін отырады. 20 сәуірде үштіктің шешімімен 58-баптың 10, 11-тармағы бойынша 5 жылға бас бостандығынан айырылып, Украинаның Валуйки қаласына жер аударылады. 1935 жылы Қошке Кеменгерұлы Валуйкиде мерзімін толық аяқтады. Қошкет Кеменгер ұлына Омбының Шарбақкөліне қоныстануға рұқсат етті. Ол аудандық денсаулық сақтау бөлімінде қызмет етеді. 1937 жылы екінші рет тұтқындалып, ОГПУ–дің «үштігі» үкімі 17 қарашада бекітіліп, 21 қарашада Омбыда орындалды.

224. Копашев Айтбай – 1900 жылы туған, қазақ, Ақмола облысы, Жарлықөл ауыл кеңесінің тумасы, білімі бастауыш, қамауға алынғанға дейін Ақмола облысында, «Сарыкөл» колхозында тұрған, колхозшы болып жұмыс істеді. 21.11.1937 ж. ПХК Ақмола аудандық бөлімшесі тұтқындаған. 28.11.1937 ж. Қарағанды облысы бойынша ПХК басқармасының үштігі 58-7, 58-10, 58-11-баптар бойынша соттады. 31.12.1957 жылы Ақмола облыстық сотын ақтады.



225. Копин Амантай – 1885 жылы туған, қазақ, Қарағанды облысы, Қорғалжын ауданы, № 3 ауылның тумасы, білімі бастауыш, қамауға алынғанға дейін Ақмола қаласында тұрды. 58-7 , 58-9, 58-11-баптар бойынша Қарағанды облысы бойынша ІД үштігімен қамауға алынды, 22.01.1938 ж. Қорғалжын ІХК РБ, 07.02.1938 ж.23.11.1957 ж. Ақмола облыстық сотымен ақталды.

226. Қорбаев Тоқан – 1926 жылы туған, қазақ, Ақмола облысы, Атбасар ауданы, Покровский кеңесінің тумасы, сауатсыз, қамауға алынғанға дейін КСРО-да, Воронеж қаласында, ІХК КВ 398 полкінің қызыл әскерін болды. 31.10.1945 ж. қамауға алынды ІХК Смерш 50 дивизиясының кв ІХК, 13.12.1945 ж. ВТ Воронеж облысы ІХК әскерлері 58-10-бап бойынша 7 жылға бас бостандығынан айыруға сотталды, 28.07.1998 ж.ҚР Бас прокуратурасы ақтады. Отбасы құрамы: әкесі Исак Қарбаев 1868 ж. т., анасы Қабаева Чекиш 1880 ж.т., ағасы Ыдырыс Қарбаев.

227. Қосенов Қожахмет – 1884 жылы туған, қазақ, Ақмола облысының тумасы, сауатсыз, қамауға алынғанға дейін Ақмола облысында, № 5 ауылда тұрған. 15.10.1930 ж. Ақмола ОГПУ қамауға алынды, 15.01.1931 ж. 58-2, 58-11-бап бойынша концлагерьде 5 жылға бас бостандығынан айыруға сотталды, 07.06.1961 ж. Целиноград облыстық сотымен ақталды.

228. Қосмұхамбетов Әбдіғали Секербайұлы – 1896 жылы туған, қазақ, Ақмола азаматы, қамауға алынғанға дейін Ақмола облысында, Ақмола қаласында тұрды. 20.08.1937 ж. ІХК Ақмола аудандық бөлімшесі тұтқындады. 31.10.1937 ж. Қарағанды облысы бойынша ІД үштігі 58-10-бап бойынша концлагерьде 10 жылға бас бостандығынан айыруға соттады. 12.07.1956 ж. Қарағанды облыстық сотының Төралқасы ақталды.

229. Қосшығұлұлы Шаймерден (Көкшетау уезі, Қотыркөл болысы 1874-1932) - көрнекті Алаш қайраткері, діндар 1874 жылы Ақмола облысы Көкшетау уезі Қотыркөл болысында туған. Патша үкіметінің қазақтарды христиан дінінен енгізут саясатына қарсы шыққан. 1903 жылы шілдеде Шаймерденге - 5 жыл, Науанға - 3 жыл кесіп, Үркіт генерал-губернаторының бақылауына Батыс Сібірге онан әрі Якутияға жер аударылған. Діни қайраткерді босату үшін Ә.Бөкейхан мен М.Сердалин жауапты орындарға, орыс зиялыларына



дәлелдеп айта жүріп, бірнеше министрдің қабылдауында болып, оларды 1905 жылы наурызда босатып алады. 1906 жылғы I Мемлекеттік Думаға депутат етіп сайлайды. I Мемлекеттік Дума таратылған соң, патша II Думаға сайлау жарлығын шығарғанда қайраткерді халық тағы да парламентке ұсынады. Ол Петерборға аттанады. Дума мүшесі болады. Бұл Дума да таратылғанда қайраткер өз қаржысымен астанада татардың «Улфат» (Бірлесу) газетіне қосымша ретінде «Серке» газетін шығарады. Қазақтан кісі сайланбаған III Думаға «Жер туралы» Заң жөнінде сұрау (запрос) салады. 1907 жылы Алаш көсемі Ә.Бөкейханның тапсырмасымен Түркияға барып, үкімет, парламент басшыларымен кездеседі. Түріктің бір газеті арқылы II Николайға мәлімдеме жасайды. Діндар 1917-1919 жылдардағы Алаш қозғалысынан да шет қалмайды. Кеңес өкіметі оны 1931 жылы Петропавл түрмесіне жабады. Әбден қиналған, саясаттан теперіш көрген қайраткер 1932 жылы Омбы жерінде қайтыс болады

